Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген оқушылар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы екені даусыз.

«ҚР білім туралы» Заңына сәйкес «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуын, жеке адамның дарындылығын, талантын, қабілетін дамыту» сияқты өзекті мәселе болып отырғаны белгілі. Қазіргі мектептің басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаны қазіргі өмірге тез бейімделіп кетуге көмектесетінін біліммен, икемділікпен және дағдымен қамтамасыз ету.

Психологтың негізгі мақсаты – психологиялық саулықтың негізі – баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу болып табылады.



Мектеп психологының жауапты әрі көп жоспарлы қызметі оның кәсіби сапасы мен біліктілігіне белгілі бір талаптар қояды дедік. Мектеп және педагогикалық психологиядан білім болуы, баланы зерттеудің түрлі психологиялық әдістерін жоғары деңгейде меңгеруі және сонымен қатар интеллектуалды өте жоғары деңгейде меңгеруі және сонымен қатар интеллектуалды өте жоғары дамыған болуы қажет. Психология қорытындылардың дұрыстығы-дұрыс таңдап алынған психодиагностикалық әдістердің нәтижесі ғана емес, психолог пен баланың өзара жақсы қарым-қатынастарының нәтижесі де.

Мектеп психологының жауапты әрі көпжоспарлы қызметі оның кәсіби сапасы мен біліктілігіне белгілі бір талаптар қояды. Психологиялық қорытындылардың дұрыстығы-дұрыс таңдап алынған психодиагностикалық әдістердің нәтижелі ғана емес, психолог пен баланың өзара жақсы қарым-қатынастарының нәтижесі де.

Мектеп психологы тек бүгінгі мектептің оқу және тәрбие жүйесіне бейімделе алған жағдайында ғана өз мүмкіндіктерін жүзеге асыра алады..

Баланы психологиялық зерттеу тек лабораториялық сипатта болмауы қажет. Жеке қарым-қатынас орнату психологтан шыдамдылықты, тапқырлықты талап етеді, әсіресе жасы кіші балалармен немесе қиын балалармен жұмыс кезінде.

Адамдар арасындағы қайшылықтарды шешу, олардың қателерін түзету мектеп психологы қызметінің ажырамас бөлігі болғандықтан, бұл оның тұлғалық қасиеттеріне үлкен талаптар қояды. Себебі, ол берген кеңесіне, қабылдаған шешіміне әрдайым жауапты.

Мектептегі психологиялық қызмет жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, басшылар деп аталатын төрт категорияны қамти отырып, психологиялық қызмет оқу-тәрбие үрдісін жақсартуға үлес қосады. «Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жақты білу керек»/3/ деген белгілі педогог К.Д.Ушинский көрегендігі педогогикалық іс-әрекеттің психологиялық қызметпен тығыз қарым-қатынаста екендігінің дәлелі.

Психология – педагогикалық зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі оқу және тәрбие мәселесі. Бұл еңбек қажеттілігінде және оқу танымдық қызығушылықтың артуымен байланысты.

Оқу процесіндегі оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру қазіргі кездегі басты мәселелердің бірі болып табылады.

Қызығушылық бұл – адамның белгілі бір мақсатқа сай іс-әрекетке құштарлығы. Қызығушылық бұл адамның іс-әрекетіндегі мықты стимул беруші. Ол белгілі – бір мақсатқа бағытталған шығармашылық мінез-құлыққа ие. Қызығушылық – формасы танымдылық қажеттіліктен көрінеді, тұлғаның саналы түрде мақсатты іс-әрекетін бағыттап, қамтамасыз етеді. Жаңа дәйектермен танысу, іс-әрекетті толық және терең түсіну /1/.

Қызығушылықтың ерекше түрі ол танымдық қызығушылық. Кез-келген іс-әрекетіне байланысты және адамның танымдық қызығушылық


объектісін терең зерттеу, заңдылықтарын анықтау, өзара байланысу. Оқу процесінде тұлғаның жалпы дамуы жүзеге асады. Адамдар алған білімін келесі зерттелмеген нәрсені, жаңаны танып білуге апаратын баспалдақ ретінде көреді. Бұл процесс оқушының танымдық қызығушылығының дамуымен тығыз байланысты. Психология – педагогикалық зерттеулерде танымдық қызығушылықтың пайда болуы және оны зерттеумен айналысқан атақты ғалымдардың еңбектері туралы айтылған. Ең алдымен оқу құралының мазмұнымен (Б.Г.Ананьев, В.Г.Иванов), оқушының оқу іс-әрекетімен (Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев және т.б.) сабақтан тыс өзіндік жұмыстарды (Б.Г.Ананьев, Г.И.Щукина) зерттеген. Осы ғалымдардың бәрі бір – бірімен өзара байланыста және бір – бірімен тығыз тәуелді /2/.

Танымдылық қызығушылықтың маңызды белгілерінің бірі тұрақтылық болып табылады. Қызығушылық кейбір жағдайда өте ұзақ мерзімде болады, бірақ жағдайларға байланысты ол тез жоғалып та кетеді. Сондықтан мұғалім оқушының қызығушылығын арттыра білу керек. Танымдық қызығушылық ол өздігінен дамуы мүмкін емес.

А.Н.Леонтьев қызығушылықты екі топқа бөліп көрсетеді: уақытша және тұрақты. Оқушының бойындағы танымдық қызығушылықтың қалыптасуына педагогтың рөлі ерекше. Ол оқушының дүниетанымын, білім құмарлығын, тұрақтылығын қалыптастыруға әсер етеді.

Мұғалім өзін-өзі тәрбиелеп, оқушының танымдық қызығушылығын арттыруға талаптану керек. Мұғалімнің басты міндеті білім сапасы мен білім деңгейін бағалау. Оқушының ақыл-ой іс-әрекетінің әдіс – тәсілдерін қалыптастыру, танымдық процеске тәуелді. Белгілі – бір уақыт аралығындағы нақты бір тақырып қызығушылықтың дамуына түрткі болу мүмкін. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы, оқушыларға кішкене болса да жаңа нәрсе үйретуге көмегін тигізеді.

Оқушының қабілеттілік деңгейін, зеректілігін, зейінінің қасиетін анықтау нәтижесінде психолог мұғалім қолына оқушының мүмкіндігі туралы құнды деректер береді; білім берудің бала танымына лайық жолдарын анықтап, оқушылардың белсенділігін арттыруға жағдай жасайды. Педагогикалық ұжымдағы өзара қарым-қатынас типтерін :



реттейді; топтағы психологиялық ахуалдың ауанын байқап, бірқалыпты жағдайда ұстап отыруға мүмкіндік болады.

Мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты- жеке тұлғаның ой-өрісі мен біліктілігі, логикалық ойлау қабілеті мен сөйлеу диапазоны дұрыс дамуы мен қалыптасуына, жеке тұлғаның дарындылық-шығармашылық мүмкіндіктерінің толықтай ашылуына көмектесу, олардың психикалық дамуындағы ауытқушылықты болдырмаудың жолдарын іздестіру, мұғалімдер ұжымында психологиялық ахуалды қалыптастыру, ата-

аналар үшін психологиялық сауаттандыру жолдарын арастыру, жеке тұлға ерекшелігін ескеріп, жан-жақты, терең зерттеу болып табылады.

Мектептегі психологқа қойылатын талап өте көп және оны орындау психолог шеберлігіне, біліктілігіне, шығармашылық ізденісіне байланысты.

Мектеп жағдайына ыңғайлы сараптамалық бақылау, әңгімелесу, оқушының іс-әрекет өнімдері, тест, анкеталық сауалнама жүргізу қолайлы болып келеді. Бұл әдістер тәжірибеде кеңінен қолданылып, нақты нәтижесін көрсетуі керек.

Мектепте психолог жеке тұлғаны зерттеуде үнемі тиімді әдістемелік жүйені іздестірумен қатар, жеке тұлғаның физиологиялық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ой-өрісі мен сана-сезімінің психологиялық дамуына ерекше назар аудару қажет.

Әрі ғалым, әрі ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы: «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білу керек, екінші, балалардың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам болу керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар, ақылы қалай кіретінінің жолын білуге болады», деген психологиялық ерекшеліктерін есепке алу қажеттігін ескере отырып, сондай-ақ, жеке тұлғаның өзіндік табиғатына көңіл аудару қажет.

Оқыту процесіндегі тұлғаның дамуына білім берудің мазмұны, оқыту әдістері, ұйымдастыру формалары, оқыту процесінің мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас зор ықпал етеді /3/. Мұғалімнің басты мақсатының бірі – адамды тұлға етіп қалыптастыру. Қазіргі қоғамда – біздің экономикамызды, мәдениетімізді әлеуметтік және рухани қоғам өмірімізді дамытатын, жағдай жасайтын білімді адам.

1. *Мұханбетчина А.Г. Даму ортасы – мектепалды балалардың танымдық белсенділігін бейімдеу.// 12 жылдық білім журналы.- 2006. -№ 3., 15-17 бет.*

2. *Люблинская А.А. Мұғалімге бастауыш мектеп оқушысының психологиясы жөнінде. – Алматы: Мектеп, 2000.*

3. *Көмекбаева Л.К. Мектептегі психологиялық қызмет. - Алматы: 2001.*

#### Резюме

Обучение школьников через использование информационно-коммуникативных средств и новых технологий.

#### Summary

Training of pupils through use of information-communicative means and new technologies.

## ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Г.Б.Ниетбаева -**

*психология магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Психология F3I  
аға ғылыми қызметкері*

Қазіргі уақытта мемлекеттердің білім беру нормаларын өзара мақұлдау, жоғары білім сапасы мен құрылымындағы бірізділікке көшу ой-пікірінің республикадағы жоғары білім беру жүйесіне енгізілуі оның сапалық жаңа сатыдағы көтерілу серпілісі және әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бет бұрысы болып табылады.

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне толығынан кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап етеді. Білімді мамандардың көбеюі Қазақстанның дамыған елдер қатарына енуде маңызды орын алады. Кәсіби білімді, батыл, болашаққа сенімді жас маман дайындау жоғары оқу орнының талабының бірі. Мақаланың мазмұны студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуде психикалық денсаулығының ауытқусыз қалыптасуына бағытталған.

Университет қабырғасында, студенттік кезеңде болашақ маман қалыптасады. Студенттің психикалық денсаулығы, тұлғаның іс-әрекетінің жетістігіне, табыстығына әсер етеді. Студенттердің әлеуметтік ортада бейімделуі, студенттер ортасында мазасыздану шарттардың пайда болуы, болашақтағы мамандыққа өзін-өзі тұлға ретінде белгілеу мәселелері тақырыптың өзектілігін анықтайды.

Жас кезең эмоционалды уайымның көпшілігімен сипатталады. Бұл студенттің өмірлік үлгісіне әсер етеді. Демек студент өзінің денсаулығына қам жемей, аяламайды, психикалық және дене саулығының қоры бітпейтіндей, студенттердің дем алуы мен релаксация кезеңі жоспарланып, шектелмеген. Сондықтан да, студенттік шақта психикалық денсаулықтың маңызды орын алатынын әр қашанда ескеру қажет. Өйткені, студент болашақтың мәртебесін көтеретін және нәр беретін бұлағы болып табылады.

Жаңа әлеуметтік ортаға белсенді бейімделуі, студенттердің құрдас-құрбыларының арасында жоғары мәртебеге ие болуға бағытталған. Бұл кезең студенттердің қауіпті жүріс-тұрысына, мінез-құлқының өзгеруіне әкеледі, әр түрлі амалдарды : ішімдік, никотин, нашақорлық қолдануы мүмкін.

Психикалық денсаулыққа қауіпті әсер ететін шарттардың бірі-әлеуметтік экономикалық өзгерістер кезеңінде қоғамда маман ретінде әлеуметтік және кәсіби белгісіздіктің туындауы. Өзінің мамандығына, біліміне, дайындығының деңгейіне сай жұмыс орнының иесі болуына күмәндану мәселесі және студенттік ортада тұлғаға білім алу кезеңіндегі қойылған талаптар, артылған міндеттер студентке қиыншылықтар туындатады.

Айтылған шарттар тұлғаға әсер етіп, студенттің жабығуы,

мазасыздануы, күйзелуі, уайымдауы психикалық денсаулыққа айтарлықтай қауіп-қатер туындатады.

Студенттік жастағы жекелік даму ерекшелігін зерттеген алғашқылардың бірі, ғалым Г.Ананьев болып табылады. Ол адамның кемелдену белгілерін анықтауға тырысты. Адамның кемелденуі биологиялық белгілермен және жыныстық, соматикалық белгілермен анықталады. Адамның жеке дамуының түрлі гетерохрондық түрлері (онтогенетикалық, тұлғалық - өмірбаяндық, субъекті-тәжірибелік) осы дамудың және оның полифакторлы негізделуінің ішкі қайшылықтарының көрсеткіштерінің бірі болып табылады /1/.

Қазіргі психологиялық әдебиеттерге талдау жасағанда көптеген зерттеушілер денсаулықтың психологиялық негіздерін осыған ұқсас терминдерді қолдана отырып қарастырған: “Психикалық денсаулық” Б.С.Братусь, “Психологиялық денсаулық” И.В.Дубровина, “Тұлғалық денсаулық” Л.М.Митина, “Рухани денсаулық” Ю.А.Кореляков, “Жанның саулығы” О.И.Даниленко/2, 3/.

Мәселен, Б.С.Положий /4/ мынадай анықтама береді: «Психикалық денсаулық дегеніміз психиканың субъективтік тұрғыда жанға жайлылығын сезінуін қамтамасыз ететін ағзадағы барлық психикалық қызметтердің үйлесімділігімен және біртұтастығымен сипатталатын адам психикасындағы қалып-күй, белгілі бір мақсаттағы саналы іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеттілігі, дұрыс мінез-құлық түрлері болып табылады». Ағзадағы барлық психикалық қызметтердің үйлесімділігін тұрақтыландыру үшін психикалық үйлесімділіктің жоқтығы жайлы да көзқарастың болуы қажет екені анық. Белгілі бір мақсаттағы саналы іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеттілігін анықтау үшін санадан тыс іс-әрекет көріністерін білу керек. Дұрыс мінез-құлық түрлері дұрыс емес түрлерімен салыстырылған кезде анықталады.

Денсаулық психологиясы адамның жоғары талаптар барысындағы, психикалық жүктемелер жағдайындағы өтелетін «ақысын» анықтауға аса назар аударады. Осындай талаптар мен жүктемелердің алуан түрде кездесетін ортасына студенттік орта жататыны белгілі. Екінші жағынан, дәл осы кезеңде психикалық денсаулық әрекетінің жетістігіне тікелей ықпал ететін жағдайда маман қалыптасып, өмір салтының үлгісі осылайша қоғамдық маңызы бар мағынаға ие болады. Аса өзекті әлеуметтік-экономикалық өзгерістер барысында психикалық денсаулығына қауіп төндіріетін тағы да бір ықпал – болашақ маманның әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан қоғамдағы орнының анықталмауы мен өзінің біліміне сай жұмыс орнын іздестіру қажеттілігі пайда болады.

Психикалық денсаулығының ықпалдарына болашақ оқиғаларға қатысты мақсаттар мен күтілімдер жатады. Оларды жағымды оқиғаларды күтудегі жағымды мақсаттар және жағымсыз оқиғаларды күтудегі теріс мақсаттар деп екіге бөлуге болады. Біріншілері күйзелісті дұрыс жеңіп шығуға көмектеседі, өйткені қиын жағдайларда эмоциялар іс-әрекетті нығайтудың механизмдері ретінде әрекет жасайды. Теріс мақсаттар

барысындағы эмоциялар әлсірету сипатындағы деструктивтік ықпал көрсете бастайды.

Студенттер психикалық саулығының келесі ықпалы - өз іс-әрекетінің нәтижелеріне қанағаттануы. Сәттілік сезімі тұлғалық талпыныстарының субъективтік маңыздылығына, көздеген мақсаттарына жетудің жоғары мүмкіншілігіне тең келеді.

Мақсаттарын саналы түрде таңдау мен оларға қол жеткізу мүмкіншіліктерін дұрыс бағалау, өзін-өзі реттеу үрдістерінде маңызды орын алады. Сондай-ақ, таңдалып алынған мақсаттарға сыртқы кедергілерге қарамастан қол жеткізуге болады деген пікір орнығады. Мақсаттары және оларға қол жеткізудің мүмкіншіліктерін анықтауды саналы түрде мойындау күйзеліске қарсы тұрақтылықтың қалыптасуына және күйзелісті жеңудің сындарлы бағыттар іздестіруіне себеп болады.

Студенттер энергетикалық шығындары көп және кәсіби талаптанулары жоғары сипаттағы аса белсенділікпен оқу іс-әрекетіне арласады. Сонымен қатар кәсіби іс-әрекетіндегі сәттілікті сезінуі мен жалпы өмірге қанағаттануы төмендейді, сондай-ақ, пайда болатын мәселелерді шешу белсенділігінің қабілеттілігі жеткіліксіз болып қалыптасады. Соңғысын өзіндік құзырының төмендігімен және өз әрекеттері тиімділігіне қатысты бақылаудың төмендеуімен түсіндіруге болады. Белсенділіктің жоғары деңгейі сәтсіздік жағдайынан бас тартудың шамалы бағытына сай келеді.

Қоршаған ортасы тарапынан болатын әлеуметтік қолдауды сезінудің орташа деңгейі назар аудартады. Мұны бірінші курс студенттерінің білім ортасындағы жаңа іс-әрекеттерге бейімделуінің бастапқы кезеңінің мазмұнымен түсіндіруге болады. Бұл кезеңде студенттің жаңа әлеуметтік рөлі, өзін және айналысындағыларды әлеуметтік жаңа орта элементтері ретінде сезінуі қалыптаса бастайды. Өзінің осы ортаға жататынын мойындауының осы кезеңде пайда болуы, ортаға теңесуі оған аса сенімділікпен қарауын, болып жатқан оқиғаға қатынасуын немесе ықпал етуін, оқиғалардың дамуы тұлға күтілімдеріне сай келеді деп сенуді қажет етеді.

Жоғарыда дәріптелген студенттердің психикалық денсаулықтарының ерекшеліктерін теориялық тұрғыда көрсете отырып, эксперименттік зерттеу нәтижелеріне зер салайық.

Қазіргі кезеңдегі студенттердің психикалық денсаулықтарын, яғни күйзеліске тұрақты болуын, жабығу және мазасыздану деңгейінің ерекшеліктерін эксперименттік тұрғыда зерттеу мақсатымен, біз өз жұмысымызды 2009 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өткіздік. Сыналушылар тобына 150 студент қатысты.

Жүргізілген эксперимент бойынша қазақ бөлімінде оқитын және орыс бөлімінде оқитын студенттер арасында психикалық күйдің шиеленісуі мен мазасыздану деңгейін және күйзелістікке байланысты тұрақтылық деңгейінің көрсеткіштерінде айырмашылықтар байқалды.

Психикалық күйдің шиеленісуі мен мазасыздану деңгейін қазақ

бөлімінде 27,8% көрсетті. Ал орыс бөлімінде 20% болып байқалды. «Психикалық күйдің жағымды болу» көрсеткішінде қазақ бөлімі 72,7% болып бейнеленсе, орыс бөлімінде 84,4% көрсетілді. Психикалық күйдің жағымды болу деңгейі бойынша орыс бөлімі мен қазақ бөлімінің арасында 11,7% айырмашылық болды. Демек, қазақ бөлімінің студенттерінде жабығу және мазасыздану деңгейі орыс бөліміне қарағанда басым болып сипаталады.

Сонымен қатар, психикалық денсаулық адамның күзелістік жағадайына студенттерінің күзелістікке байланысты тұрақтылық деңгейінің көрсеткішін қарастырсақ, қазақ бөлімінде жоғары деңгей 60%, ал орыс бөлімінде 57,8% көрсеткішік көрсетті. Орташа деңгей қазақ бөлімінде 27,3%, орыс бөлімінде 20% болып бейнеленеді. Сондай-ақ, қазақ бөлімінде төмен деңгейі бойынша 12,7%, ал орыс бөлімінде төмен деңгейі 22,2% болып айқындалды. Демек, орыс бөліміне қарағанда күзелістікке байланысты тұрақтылық деңгейінің көрсеткіші қазақ бөлімінде басым болып бейнеленді.

Студенттік күзелістің себептерін зерттеу барысында олардың бірі болып студенттік ортаға ойдағыдай сай болмауы, оны бөтен деп, кейде тіпті жау ретінде қабылдауы табылады. Мұны әсіресе, мектеп талаптарынан өзгеше, жаңа ережелерге алғаш рет тап болған, бірінші курс студенттерінен байқауға болады. Бірінші курс студентіне тән жасқаншақтықты жаңа өмір салтына бейімделуі үрдісін басынан өткізіп жатқан, үйі мен жанұясынан алыстап кеткен, басқа жақтан келген студенттерден аңғарылады. Мұндай жағымсыз құбылысты жеңуде жоғары оқу орнының психологиялық қызметі оқу үрдісін ұйымдастыруға жәрдем беріп, әр түрлі кеңестер өткізіп, көмектеседі.

Қорыта айтқанда психикалық денсаулықтың өзегі болып күзеліске тұрақты болу, жүйке жүйе бабының төмен болуы, жабығу және мазасыздану деңгейінің төмен болуы жатады. Егер аталмыш психикалық күйлерді дер кезінде қалыпты жағдайға түсірмесе студенттер нашакорлыққа, маскүнемдікке, күзеліске және т.б. жағымсыз жағдайға ұшыруы мүмкін. Осыған орай студенттерге психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу мақсатын жүзеге асыру қажет.

1. *Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. В 2 т.-М.,1980.-.1.*
2. *Психология здоровья / Под ред. Г.С. Никифорова.- СПб.,2003.*
3. *Ломов Б.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии.- М., 1984*
4. *Положий Б.С. Социальная психология и общество //Очерки социальной психиатрии / Под ред.Т.Б.Дмитриевой. -М.,1998.*

#### Резюме

В данной статье отражено личностное развитие студентов и их поведение в стрессовых ситуациях.

#### Summary

The article reflects students' personality development and their behavior in stress situations

## **БАЛАНЫҢ МЕКТЕП ӨМІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҢА ОРТАҒА ЕНУІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТ ҚАЛАЙТЫН МІНЕЗ -ҚҰЛҚЫ**

**Н.А.Кудушева-**

*Абай атындағы ҚазҰПУ, «Жалпы және қолданбалы психология»  
кафедрасының аға оқытушысы*

Баланың әлеуметтік қатынастағы субъект ретінде құрылуы, оның жаңа әлеуметтік ортада белгілі бір орынды иеленуіне саналы түрде өз мінез- құлқын басқара алу, қоршаған адамдарымен, құрбыларымен қалыпты қарым -қатынас жасау мәселесі оқушылардың ішкі ұстанымын зерттеу жұмыстарында талқыланылуда [1,2]. Көптеген зерттеу жұмыстарын саралап отырсақ, баланың әлеуметтік жағдайы мектеп жасына дейінгі балалықтан мектепке өту кезеңінде күрт өзгеріске түседі екен[2,3,4], осы кезеңнің көрінісі баланың үлкендердің назарында болған кезде өзінің мінез- құлқын үлкендердің талаптарына сәйкес көрсетуге тырысуы, ал олар жоқ кезде мүлдем басқаша көрсетуінде байқалады. Міне, осындай мектепке дейінгі балалықтан мектепке өту кезеңіндегі мінез-құлқы оқушының жаңа әлеуметтік рөлді меңгеруге деген қалауын байқатады. Бұл жағдайлар зерттеу еңбектерінде оқушының ішкі ұстанымы (ОІҰ) деген контексте қарастырылады. Басқалардың талаптарын орындау мақсатында ыңғайланатын осындай мінез - құлықты қазіргі психологияда әлеумет қалайтын (ӘҚ) деген атаумен теңеп сипаттау орын алуда. Әлеумет қалайтын мінез-құлқы зерттеу барысы А.Л.Эдвард, Д.П. Краун, Д.Марлоу сынды зиялы оқымыстылардың еңбектерінен бастау алған. Оқымыстылардың зерттеу жұмыстары барысында әлеумет қалайтын мінез- құлық адамның мотивациялық және мінезділік ерекшеліктерінің арасында үлкен байланыс бар екендігі анықталынды. Д.П.Краун және Д.Марлоу өздерінің зерттеу жұмыстарында әлеумет қалайтын мінез - құлыққа ие болу оқушының жалпы қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына және әлеуметтік жағдайлардың әсер етуіне тікелей қатысты екендігіне көз жеткізді[6].

Отандық және кеңес зерттеулерінде әлеумет қалайтын мінез -құлқы мәселесі әлі де болса орын алмай келе жатқанын айтуға болады. Олар көбінесе баланың жалпы әлеуметтегі мәнді орны туралы, социумға қалыпты кіруі, басқалармен жағымды қарым- қатынас құрулары жөніндегі мәселелерді қарастырған. Л.И.Божович зерттеулерінде мектепке дейінгі балалықтың соңғы кезеңінде балада оқушының ішкі ұстанымы, яғни әлеуметтік жаңа ортада өз орнын иеленуге деген талпынысы, оқушы болуға ниеттенуі пайда болатынын анықтаған. Мұндай талаптану әлеуметтік және маңызды іс- әрекеттік сипат алады. Л.И.Божович концепциясын дамытушы зерттеулер қатарында оқушының ішкі ұстанымының құрылымы көрсетіліп, соған сәйкес әдістемелер талданылып, ересек балалықтан мектеп оқушысына өту кезеңіне



бағытталынған диагностикалаулар орын алды[1]. Мұндай құрылымдарға мынандай компоненттер қатары жатқызылды; мектепке түсуге баланың жағымды қарым-қатынасы, мұғалім беделіне бас июі, мектептегі белгілі бір тәртіп мөлшеріне бағынуы, ұжымды өзінің жеке тұлғасына үлгі тұтуы, оқудағы жетістіктеріне берілетін қалыптасқан мақтаулар, бағалар.Бұдан байқайтынымыз мектептің ішкі ұстанымдары бұл көп компонентті білім екендігі, ал осы білім бір уақытта туып, бір ортада тоғысып жатады ма? деген сұрақ туындайды. Бұл ретте ғалым психологтар өз зерттеулерін жүргізу нәтижесінде әр түрлі ой пікірлер айтқан. Мысалы, Л.И.Божович баланың мектептің ішкі ұстанымына қатынасы оның мектепке келген күнінен емес, келмей тұрып, яғни бала бақшада қалыптасып қойғаны дұрыс деп санайды[2 ]. Т.Д. Нежнова балада бірінші мектеп әрекеттерінің әлеуметтік аспектісіне бағытталуы туындайтынын және содан кейін ғана оқуға деген бағыттылығы байқалады деп тұжырымдайды [5] Бұл екі қарама- қарсы пікірден ортақ ой шығаратын болсақ, ересек бала кезеңінде мектеп ішкі ұстанымы әлеуметтік ұстанымды ауыстырып оқушы болуға деген талпыныс сияқты көрінеді, бұл жердегі олардың әрекеттері мағыналы әрекетті емес, тек әлеуметті сипатты құрайды. Бастауыш сынып оқушыларының алғаш мектепке келіп білім алуға ұмтылуы оның жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ішкі ұстанымының өзгеруіне әкеліп соғады. Ішкі ұстаным – баланы оқуға ынталандыратын, мектепке деген оң эмоциясын тудыратын үгіттеуші орталық. Оқушы ішкі ұстанымының қалыптасуы, көбінесе оның оқу іс -әрекетінің белгілі мөлшерде нәтижеге жетуіне байланысты болып жатады. Жоғары деңгейде білімді жүйелі түрде меңгерудің қажеттілігі психикалық үрдістердің дамуын, баладағы еркін мінез- құлық актісі қалыптасуын күшейте түседі. Бірақ та бұл үлкендер тарапынан аталған үрдістерге басшылық жасауын тоқтатып тастамайды. Мұғалімдер, ата-аналар дәл осы кезеңде бала психикасында қандай өзгерістер болып жатқанынан хабардар болып отыруы керек. Бастауыш сынып оқушыларының бір біріне деген өзара қатынасты жүйелері, әсіресе мектеп табалдырығын аттаған алғаш күннен бастап, негізінен мұғалімі арқылы құрылатыны белгілі. Ұжымшылдықтың алғашқы нышаны, осы кезеңдегі оқушы ішкі ұстанымының бастапқыдағы «Мен» деген нысаны, уақыт өте келе «біз» деген нысанға ауысуы нәтижесінде пайда болады. Баланың мектеп өміріндегі жаңа әлеуметтік ортаға енуі, онда өз орнын таба білуі ол үшін өте маңызды мәселе болып табылады. Жаңа ортада бала оқу әрекетінің нормаларын орындауы, оны түсінуі, меңгеруі қажет, сондай ақ өз құрбы- құрдастарымен, мұғалімдерімен, ата - анасымен, үлкендермен жағымды қатынас құра білуі керек. Міне, осы жағдайлардың барлығын бір мезетте меңгеріп, оларды орындау керек болғанда баланың басына қиындық туғандай көрінеді. Мұнымен қатар балада жағдайды бағалау сипаты артады. Мектепке жаңа келе салып, бала мектеп оқушысы бірден бола қоймайды. В.В. Давыдов пікіріне сай, бұл

калыптасу, яғни мектеп өміріне ену бүкіл бастауыш кезеңі барысында жүзеге асады. Балада мектепке дейінгі балалық шақтың сипат ерекшеліктері бүкіл бастауыш мектеп кезеңін сипаттайтын болады. Баланың психологиялық қиындықтарға тап болуының алғы шарттарының бірі, оның «әлеуметтік жаңа даму жағдайына» енуі, яғни ішкі жаңа бағыт бағдарының өзгеруі. Мұның барлығы баладан күрделі психологиялық қайта - құрылуды талап етеді. Ал келесі бір қиындықтар түрі субъективті алғышарттар арқылы туындайды. Ол алғышарттар; бала- бақша мекемелеріне барып жүріп, барғысы келмеу ниеттерінің орнығуы; мектеп оқушысы болып қалыптасуды кешеуілдететін бірқатар жеке - дара ерекшеліктер. Бұр тұрғыда әйгілі психолог Л.С. Выготский 1930-шы жылдары былай деген болатын; «Бала әлеуметтік ситуацияның бір бөлігі, баланың қоршаған ортаға және ортаның балаға деген қарым қатынасы бастан кешулер және баланың өз іс әрекеті арқылы беріледі. Қоршаған ортаның күші баланың бастан кешулері арқылы бағыттаушы мәнге ие болады. Бұл дегеніміз, баланың бастан кешу жағдайларын терең іштей талдауға міндеттейді [3]. Бастауыш мектеп кезеңіне тән белгі мынада; бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Бұл балада өз бойында мектеп жасына дейінгі балалық шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең. Бұл белгілер бала мінез- құлқында, оның санасында күрделі, ал кейде қайшылықты үйлесім түрінде қатар жүреді. Кез келген өтпелі шақ сияқты бұл шақ көзң ашылмаған даму мүмкіндіктеріне бай, оларды дер кезінде байқап, қолдап отыру маңызды. Адамның көптеген психикалық қасиеттерінің негіздері тап осы бастауыш мектеп жасында қалыптасады және әдетке айналады. Сондықтан ғалымдардың ерекше назары қазір бастауыш сынып оқушыларын дамытудың резервтерін анықтауға бағытталған. Бұл резервтерді пайдалану балаларды одан арғы оқу және еңбек қызметіне неғұрлым табысты дайындауға мүмкіндік береді. Баланың мектеп өміріндегі жаңа ортаға енуі сәтінен байқалатын мінез құлқының сипаты оның әлеуметті психологиялық бейімделуінің өлшеміне қызмет етеді. Сондай өлшемдер төмендегілер болуы мүмкін:

- Оқу әрекетінің нәтижелілігі.
- Мінез құлықтың мектептік мөлшерін меңгеру.
- Әлеуметтік байланыстың табыстылығы.
- Оқушы көңіл күйінің сәттілігі.

Адамның мінез-құлқының өзгеріп отыруына әлеуметтік жағдайдың үнемі ықпал етіп, оның жаңа сапаларын қалыптастырып отыратындығы ғылыми тұрғыдан анықталған тарихи шындық және объекті фактор, ал сол мінездің қалыптасуына ең негізгі әсер ететін объективті факторлар қоғамдық орта, тәрбиелеу, оқыту екендігі белгілі. Бүгінгі таңда ұлттық болмысымызға кереғар, келеңсіз құбылыстардың жастар арасында кең етек алуы жас ұрпаққа қажетті заман талабына сай тәлім-тәрбие жүйесін жаңартуға, ұстаздардың сонымен қатар ата- аналардың алдына аса

маңызды міндеттер қояды. Жас ұрпақтың жан -жақты дамуын, олардың бойында қоғамдық талаптар алдындағы жауапкершілігін, білім алуға, ғылымға, өнерге ұмтылысын, ұлттық дәстүрге деген құштарлық сезімін қалыптастыру арқылы қоғамдық өмірге даярлау мектептің оқу - тәрбие үрдісінің басты міндеті болып табылады. Қоғамдық өмірдің төрінен орын алып, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың арасында жаппай өрістеген әлеуметтік дерттің, келеңсіз құбылыстардың астары мен мәнін жас ұрпақтың тәртіпсізденуінің себебі мен салдарларын бағымдаған ғалымдар оның алдын алудың, жастар арасынан мүлдем аластатудың, жас ұрпаққа тәлім- тәрбие беріп, оларды қоғамдық өмірге белсенді азамат ретінде қосудың жолдары мен амалдарын іздестіре бастайды. Бұл ретте әр баланың әлеумет қалайтын мінез-құлыққа ие болуына жол тауып, соған қатысты іс- әрекеттер жасалынуы тиіс. Еліміздің нарықтық қатынастар кезеңінде болашақта бүкіл әлемдік өркениет аренасында өз орны бар мемлекет деңгейінде дамуы халқымыздың ұлттық менталитетінің болмысына әсіресе жаңа жас ұрпақтың сындарлы тәлім-тәрбиесіне тікелей байланысты екендігін ескерсек, болашағымыздың бастауы болып отырған ұрпағымызды дұрыс тәрбиелеп, олардың бойында әлеумет қалайтын мінез- құлық қалыптастыру ең өзекті мәселе болуы тиіс деп санаймыз және де бұл мәселелер тәрбиенің бастау алатын балалық шағына қатысты аса мән беріліп жүргізілуі керек деп ойымызды тұжырымдаймыз.

1. *Божович Л.И. Избр.психол.труды. - М.: Международная педагогическая академия, 1995.*
2. *Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте.- М.: Просвещение, 1968.*
3. *Выготский Л.С. Вопросы детской психологии. Собр.соч.: В 6 т. - Т.4. - М.: Педагогика, 1982.*
4. *Гуткина Н.И. Психологическая готовность к школе. -М.: НПО «Образование», 1996.*
5. *Нежнова Т.Д. Динамика « внутренней позиции » при переходе от дошкольного к младшему школьному возрасту // Вестн. МГУ. Сер 14. Психология. - 1968. - № 1. - С. 22-31.*
6. *Ханин Ю.Л. Шкала Марлоу-Крауна для исследования мотивации одобрения. -Л.; НИИ физической культуры, 1976.*

#### Резюме

В статье рассматривается проблема освоения способов социального действия, позволяющих включиться в новую социальную ситуацию, выстроить отношения со значимыми участниками.

#### Summary

In this article the problem of development of ways of the social action is considered, allowing to join in a new social situation, to build relations with significant participants.

# ОҚЫТУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫ жаңа ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

**А.А.Нурашева –**

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 1 курс магистрі,*

**А.С.Косшыгулова -**

*Абай атындағы ҚазҰПУ Психология ФЗИ психология магистрі*

Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында, қоғамды ізгілендіру мұның өзі әлеуметтік қатынастарды ұйымдастырудың тиімді нысаналарына қол жеткізуіне байланысты болып отыр, әрі бұл қатынастарда алдымен әлемнің тұтқасы ретінде адам аса айшықтана көрінеді. Ендігі жерде ізгілендіру мақсатына жету құралы зиялылыққа қалыптастыруды сезім, көңіл-күй мәдениетін тәрбиелеуді өмірлік құндылықтар мен бағдарлардың белгілі бір жүйесін орнықтыруды көздейтің сан қырлы процесс-гуманитарландыру болып табылады. Өйткені, біздің ертеңгі күні осы қазіргі мәдениетті, бүгінгі білім, тәрбие берудің аясында өзіміз қалыптастырған қоғамға қадам басатынымыз айқын» - делінген .

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты- мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік проблемаларын өз бетінше тұжырымдай отырып, іс-жүзінде шеше алатын жоғары білімді әрі бәсенеге түсуге қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Қазақстанның мәдени және эканомикалық өміріндегі жетістіктерді, көп жағдайда адамгершілік мәдениеті биік, сонымен бірге, бәсекеге қабілеті жоғары технологиялық эканомиканы ғана емес, асқақ рухани құндылықтарды да қамтамасыз етуге бағытталған жоғары білім беру жүйесін түбегейлі қайта құрумен тығыз байланысты. Бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде, оқу бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ оқушылардың алатын білім сапасын көтеру, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейтіндігі Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандартының тұжырымдамасында айқын көрсетілген. Бұл білім беру жүйесінің негізіне алынған шығармашылық әрекетінің басқаша методологиясы және ол өзгеше адамгершілік және ерік қасиеттерін қалыптастыруды, адамның рухани дамуын талап етеді, ал мұнда білім беру жүйесінің өзі инновациялық жүйеге айналады.

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл теория мен оқу- тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды:

- білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау

кабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылауымен байи түсуде;

- ақпараттық дәстүрлі әдістері-ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;

- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;

- жоғарғы оқу орындарында, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;

- қоғамдық біліммен бара бар технологияның кеңінен қолданылуына және ғылымның роліне мән берілуде;

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Қазіргі заманғы оқыту технологиялары педагогикалық және психологиялық ілімдер негізінде жасалған дамытушы, тұлғалық бағдарлы, мақсатты технология болып табылады. Адамзат дамуының жаңа кезеңіне жаңа білім беру жүйесі, жаңа оқыту жүйесі, жаңа білім беру философиясы және жаңа білім үлгісі сай келуі тиіс.

Оқу процесі көп уақыттан бері техникалық және технологиялық мәселелерді қамтиды. Оқушы еңбегін жетілдіріп, оның тиімділігін арттыратын көрнекілікке ұмтылу, әр түрлі құралдарды қолдану білім жүйесі пайда болғаннан бері іске асып келеді. Дегенмен қазір ғылыми-техникалық заманда технология мәселелері өте үлкен мәнге ие болуда.

Оқыту технологиясының әдіснамалық қызметі жалпы стратегиялық үлгі-оқытуды жобалау, ұйымдастыру және жобаны жүзеге асыру арқылы анықталады. Оқыту бағдарламасы оқыту қызметінің жобасы ретінде төмендегі арнайы ерекшелігіне ие:

- әлі пайда болмаған объектілерді бейнелейді,
- ең болмағанда нормативті түрде жүзеге асырылған болуы мүмкін,
- сәйкес іс-әрекеттің орындалуының қолайлы деңгейін белгілеп отыратындықтан нормативті болып табылады.

Бұл ерекшеліктерді оқыту технологиясының дамытушылық қызметі сияқты өзіндік ерекшелігімен толықтыруға болады. Технологияның бұл сипаты оқыту барысында жеткілікті дәрежеде көрінбейді, бірақ жаңа технологияның маңызды белгісі болып табылады.

Оқыту мен тәрбиелеуді технологияландырудың келесі бір әдіснамалық бағдары іс-әрекеттік ықпал болып табылады, себебі білім беру процесінің негізі - іс-әрекет. Соңғы кезде білім беру жүйесі бөліктерінің-мақсаты, мазмұны, әдіс түрлері мен оқу құралдарының бірлігі туралы түсінік берік қалыптасқан. Қазіргі уақытта жалпы білім қоғамдық қажеттілік қана емес, сонымен қатар, жеке адамның өзіне де қажет, оның қоғамдық мәдени өмірге,

кәсіптік еңбекке қатысып, білімін одан әрі жетілдірудің мөлшері болып табылады. Сондықтан да, білім беретін білім мазмұнын жаңарту үшін нақты әлеуметтік жағдайларда дамытын әрбір оқушының талғам тілегін, оның табиғи биологиялық-генетикалық негіздерін, қабілетін, денсаулығы мен психологиялық ерекшеліктерін барынша ескере отырып, жеке тұлғаның шығармашылықпен іс-әрекет ету білу мақсаты басшылыққа алынады.

Оқу процесіндегі мұғалім әрекетінің психикалық әрекет және іс-әрекет тұрғысынан алғандағы сипаты, жұмыс әдісі, ұстанымдары оқытудың мақсаты мен мазмұнына қарай әр алуан болып өзгередіні белгілі. Бұл дамыта оқыту мен дәртүрлі оқытуды салыстырғанда өте айқын білінеді. Мұғалімнің басты міндеті-оқу материалы мазмұнын оқушыға дайын күйде жеткізу, түсіндіру, іс-әрекет үлгісін дайын түрде көрсету емес, оқушымен бірлесе жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіну, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру. Жалпы алғанда, оқу мазмұнының мақсаты оқушының қабілеттілігі мен табиғи алғырлығын, ынтасын дамыту, мүддесі мен қызығушылығын жүзеге асыруын қамтамасыз ету, шығармашылық ойын қалыптастыруға қажетті білім, білік және дағдылармен қаруландыру арқылы кез-келген салада қызмет етуге және тез өзгеріп отыратын заман талабына бейімделе алатын түлекті тәрбиелеу.

Оқыту технологиясы деңгейінде оқыту процесінің компоненті айқындалады. Жеке қарым-қатынас жасау кезінде бір теорияға негізделген бірнеше технология ойлап табылуы мүмкін. Өзіндік бағыт дамытушы технологиялардың негізгі тиімділігі интеллектуалдық және эмоционалдылығын –таландылық даму білімді және кәсіптік біліктілікті қалыптастыру білім беру процесінің құндылығын бағалауды қамтамасыз ету, белсенділікті арттыру болып табылады /1/.

Кез келген технология адамның психикалық дамуын анықтайтын деректер, алғашқы себептер туралы түсініктерден пайда болады. Дамудың негізгі жетекші факторларына байланысты технологияларды төменгіше бөлуге болады:

- Психиканың дамуы биологиялық тұқым қуалау арқылы анықталады деп қарастыратын биогендік технологиялар.

- Жеке тұлғаны қалыптасуы адамның әлеуметтік тәжірибесіне, оқып-үйрену нәтижесіне байланысты деп қарастыратын социогендік технологиялар.

- Даму нәтижесі адамның өзіне, тәжірибесіне, өзін-өзі психологиялық жағынан жетілдіруіне байланысты анықталады дегенді жақтайтын психогендік технологиялар.

- Жеке тұлға және оның қасиеттері материя емес деп ұғындыратын идеалистік технологиялар.

Бүгінгі күні оқытуды ақпараттандыру үрдісіне ерекше көңіл бөлінуде. Оқыту үрдісін ақпараттандыру – қазіргі қоғамды ақпараттандыру үрдісінің бағыты болып табылады. Ал барлық арнайы ақпараттық-техникалық құралдарды (ЭЕМ, аудио, бейнефильм, кино) қолданатын технологияларды

тәжірибеде ақпараттық технологиялар деп атаймыз /2/.

Компьютер білім беруде кеңінен қолданыла бастағанда "оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары" термині пайда болды. Бұл технологиялар бағдарламалап оқыту идеясын дамыта отырып, қазіргі компьютерлер мен телекоммуникацияның дамуымен байланысты оқытудың жаңа, әлі толық зерттелмеген әдіс-тәсілдерін ашады. Оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары - ақпаратты оқушыға компьютер арқылы әзірлеу мен тарату үрдісі болып саналады. Алдымен жаңа ақпараттық технологияларға көшпей тұрып, оқу-тәрбие үрдісіне білім беруді ақпараттандыру мүмкін емес. Білім берудегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз— оқу мен оқу-тәрбие материалдарын үйретуге арналған есептеуіш техника құралдарының оқу үрдісіндегі рөлі мен орны.

Мұғалімдер мен оқушылардың еңбегін жеңілдету, оларды пайдаланудың түрі мен әдістері туралы ғылыми білімнің жүйесі екіге бөлінеді.

Оқытудағы жаңа ақпараттық технология аса қажетті мәселелердің шешімін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу үрдісі тиімді басқаруға негізделген. Жаңа ақпараттық технологияның білім саласына енуі оқытудың мазмұны, әдістері мен ұйымдастыру түрлерін сапалы түрде өзгертуге мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық технология мүмкіндіктерін пайдаланудың сәйкестігін ескеріп оқыту үрдісіне енгізу сабақты ұйымдастырудың және оқыту әдістерінің өзгеруіне әкеледі. Сондықтан жаңа ақпараттық технологиялар келесі үш нұсқа түрінде жүзеге асырылуы мүмкін:

- "тереңдетілген" технология ретінде (компьютерлік оқытуды жекелеген тақырып немесе тарау бойынша қолдану);
- негізгі технология ретінде (белгілі бір бөлімді оқытқанда қолданатын технологиялардың ең маңыздысы ретінде қолдану);
- монотехнология ретінде (барлық оқыту, оқытуды басқару үрдісі яғни, диагностика, мониторинг компьютерді қолдануға негізделсе).

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудағы негізгі мақсаттарға мыналар кіреді:

- ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру, коммуникативтік қабілетін дамыту;
- "ақпараттық қоғамның "жеке тұлғасын дайындау;
- берілетін оқу материалының көлемін оқушы меңгере алатын деңгейге дейін өсіру;
- зерттеу іскерлігін, тиімді шешім қабылдай білу іскерлігін қалыптастыру.

Концептуалды ұстанымдар төмендегідей:

- оқыту- бұл оқушылар компьютермен қарым-қатынасы;
- компьютердің баланың жеке ерекшеліктеріне икемделе алуы;
- оқытудың диалог түрінде болуы;
- басқарылуы: мұғалімнің кез келген уақытта оқу үрдісіне өзгерістер

енгізе алуы;

— оқушы мен компьютердің өзара байланысы барлық түрде болуы: субъект-объект, субъект-субъект, объект-субъект;

— жеке және топпен жұмыстардың үйлесуі;

— компьютермен байланыс кезіндегі психологиялық ахуалын демеу.

Мектеп оқушыларының білімін жетілдіру мен дамытудағы басты мәселе жаңа ақпараттық технологияны қолдануды қалыптастыру болып табылады. Ол жаңа педагогикалық тұжырымдар мен технологияларды, зертханалалық-зерттеулер практикумдарын, пәнаралық ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік курстық жұмыстарды педагогика және психология кафедраларының ғылыми топтарынан іздестіріп, байланыстыруға бағытталған. Ақпараттық технология ғасыры - өзінің маңыздылығы жөнінде өте әділ, шындыққа негізделген процесс. Демек, бұл әрбір адамның өз мүмкіндігінше білімін пайдалануға кең өріс ашқын технология құралдарымен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызған ғасыр болды. Бұған қоса ақпарат технологиясын пайдалану – қоғам прогресін дамытуға әрбір адамның ақпараттық технология құралдарын меңгеріп, оның әлеуметтік, мәдени және өркениеттілік құрылымын мәдениеттілігі, жете түсінуіне әсері қандай деген заңды сұрақ туады. Бұл жаңа технология негізінде ақпарат құралдарын жете меңгерген жас кадрлардың қолынан келетін және оны іске асыра алатын жаңа технологиялық процесс/3/.

Ақпараттың – компьютерлік революция басталғаннан кейін заман талабы күрт өзгереді. Алайда революция – компьютердің технологиялық механизімімен қазіргі коммуникациялық құралдардың толық жарактандырылған техникасна тікелей байланысты. Демек, бұл технологизациялау компьютерлік дамудың ең алғашқы даму кезеңіне тән құбылыс. Қазір бұл мүлде басқаша көрініс тауып отыр. Ақпараттық технологияда білім факторы ғылым б. табылады. Өз кезегінде ол ақпарат технологиясы арқылы өндіргіш күштердің, оған қатысты өндірістік қатынастардың түбегейлі өзгерісіне түсінуі әсер етеді.

Электрондық оқулықтарды қолдану кезіндегі ой-әрекеттер мен операциялар жасау жұмыстары оқушылардың ақылының даму дәрежесін анықтайды. Оқушылар алған білімдерінің негізінде өз бетінше компьютермен қарым-қатынасына болуғы, қалаған нәтижесін жолын тауып орындауға жаңа білім алудың көзін іздеуге икемделеді. Электрондық оқулықтарды оқыту процесіне енгізу қажетті жаттығу жұмысының ауқымын кеңейтеді және ол оқушылардың дербес, өз бетінше жұмыс жасау барысында өтіледі, сондай-ақ рецептивтік дағдының қалып-тасуына, жазбаша қарым-қатынас жасау дағдысы қамтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттың-коммуникациялық технологияны қолдану кезінде мынандай диалог қолданылады – «Адам – компьютерлік орта». Осы түсінікке қарап біз ақпараттандыру, компьютер және интернет технологиясының барлығы байланысты екенін көреміз.



1. Донской М. Интернет и пользовательский интерфейс // Мир Интернет. – 1999. - №8.

2. Иванова В.Г. Основы положений теории интереса в свете проблемы отношений человека. – М., 1980.

3. Уваров А.Ю. Новые информационные технологии и реформа образования // Информатика и образование. – 1994. - №1.

Кілттік сөздер: гуманитарлық, мәдениет, қабілет, ақпараттық және оқыту технологиясы, коммуникациялық, компьютер.

Резюме

Обучение школьников через использование информационно-коммуникативных средств и новых технологий.

Summary

Training of pupils through use of information-communicative means and new technologies.

## **МИ ЖАРТЫШАРЛАРЫНЫҢ БИОЭЛЕКТРЛІК ӘЛЕУЕТТЕРІНІҢ ПСИХИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

**М.Ә.Перленбетов -**


*биология ғылымдарының кандидаты,  
Қайнар университетінің профессоры*

Электроэнцефалографияны (ЭЭГ) мидың моторлық, сенсорлық және когнитивтік асимметриясын, жоғарғы психикалық процестердің жүзеге асуындағы әрбір ми сыңарының қызметін айқындай алатын функционалдік диагностикалық тәсіл ретінде психологияның әртүрлі салаларында кеңінен қолдануға болатыны күн өткен сайын дәлелденіп келеді.

Біздің зерттеулеріміз мидың функциялық асимметриясы шеңберінде ЭЭГ-нің психофизиологиялық типтердегі, студенттер арасында когнитивтік тапсырма орындағанда және этностық айырмашылықтарына байланысты ерекшеліктерді айқындау мәселелеріне арналған.

Бұл мақалада ЭЭГ-нің оң және сол ми сыңарларына арналған тапсырмаларды орындағанда әлеуеттерінің көрсеткіш ретінде өзгеру динамикасы берілген.

ЭЭГ көптеген жүйке элементтерінің бірлескен белсенділігін көрсетеді, сондықтан ЭЭГ картинасы бойынша жүйке жүйесінің электродтың астында тікелей орналасқан учаскесінің жұмысының тәртіптемесін бақылауға болады. Әдетте, электродтардың едәуір санының (әдетте 8-ден 21-ге дейін) құйкада орналасуының Халықаралық стандартты 10-20 жүйесі пайдаланылады (1 сурет), бұл ЭЭГ бойынша ми қабығының негізгі сенсорлық, моторлық және ассоциативтік зоналарының және олардың қабықасты преоқцияларының функциялық жағдайын бағалауға мүмкіндік береді.



Сурет 1. «10-20» халықаралық жүйесі.

Электродтардың адам басының сыртында орналасуы. F – маңдай аймағы, C – ортаңғы сай, P – төбе, T – самай, O – шүйде аймағы. A<sub>1</sub> – құлақтың сырғалық нүктесі. P<sub>g1</sub>, P<sub>g2</sub> – референттік электродтардың орналасу нүктелері.

Бас сүйегі бірнеше аумақтарға бөлінеді - F -frontalis - маңдай, T – temporalis- самай, P –parietalis- төбе, O –occipitalis –шүйде бөлімдері, C – centralis –орталық сайдың тұсы, CZ –бас сүйегінің ортасы –вертекс деп аталады. Тақ сандар көрсетілген жағдайда, бұл сол жақ миға қатысты, мысалы, F1,T1,P3,O1, ал жұп сандар көрсетілген жағдайда F2,T4,P2,O2 –бұл оң жақ ми сыңарларының қызметін көрсететін ақпарат.

ЭЭГ-ні қарап талдау кезінде де, компьютерлік талдау кезінде де бағалау үшін ақпараттық параметрлер амплитудалық, жиіліктік, спектрлік және кеңістіктік сипаттамалар болып табылады. Әдеттегі жағдайларда (көзін жұмып, салмақты қалыпта ояу отырған жағдай) дені сау адамның электроэнцефалограмма жазбалары негізінен бір-бірінен жиілігі бойынша айырмашылықтары бар ырғақтық құрамдас бөліктердің жиынтығы болып табылады. Көптеген зерттеулер мидың жекелеген нейрондарының электр әлеуеттері ақпараттық үдерістермен тығыз және айтарлықтай дәл сандық тәуелділікпен байланысты екендігін көрсетеді /1/.

Мидың функциялық белсенділігінің ағзаның оқшау сұраныстарына және қоршаған ортаның өзгерістеріне байланысты үздіксіз тербелістері ЭЭГ-ның спектрлік құрамының күрделі болуына және оның нақты жағдайларға байланысты едәуір өзгерістерге ұшырауына алып келеді (1,3).


Дені сау сынлаушылардың 10-15%-да ЭЭГ-дегі тұрақты альфа-ырғақ 20 мкВ аспайды және мидың барлық облыстарында жоғары жиілікті, төмен амплитудалы тербелістер тіркеледі. ЭЭГ-нің мұндай типін, төмен амплитудалы деп атайды. Төмен амплитудалы ЭЭГ жүріс-тұрыстың жоғары белсенділігімен, тәуелсіздікке беталыспен, агрессивтілікпен, психикалық қозудың жоғарылығымен өзара байланысты екендігі дәлелденген. Жоғары

амплитудалы ЭЭГ белсенді емес, тәуелді, рецептивтік, салмақты типтерге тән (6,10). Біздің зерттеулерімізде Ресей Федерациясында шығарылған, НейроСофт фирмасының (Иваново қаласы) компьютерлік “Нейрон –Спектр” атты электроэнцефалографы қолданылды. Бұл құрал Беляев А.А. тәсілдемесі бойынша барлық көрсеткіштерді компьютерлік есептен өткізіп, статистикалық өңдеуді барынша жеңілдететін, соңғы кезде шығарылған электроэнцефалограф.


Толқын ырғақтарының диапазоны, спектрі (амплитудасы), жиілігі, қуаттылығы, альфа ырғақтың индексі, периодометрия, автокорреляция және басқа да ЭЭГ -ның анықтамалары зерттелушілердің когнитивтік тапсырмалар орындаған кезде жеке даралық параметрлермен сипатталады.

Auf solche Weise humanistische Traditionen der Ausbildungspraxis zeugen davon, dass wichtiges Augenmerk auf die Ziele und Aufgaben der vollwertigen Entwicklung des Kindes mit Hilfe der adäquaten Form und Methoden der Lehrarbeit der Schüler richten wird.

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учеб. пособие. - Ростов н/Д: Изд-во «Феникс», 1997. - 480 с.
2. Климов Е.А. Основы психологии: Учебник для вузов. – М.: Культура и спорт, ЮНИТИ, 1997. – 295 с.
3. Амонашвили Ш.А. Трактат «Школа жизни».- М.: Изд.дом. Ш. Амонашвили, 1998.
4. Кусаинова М.А Личностно-ориентированное обучение: история, теория, технология. – М.: МГУ, 2004.

#### Түйін

Мақалада тұлғаға бағытталған оқыту жүйесі және технологиясы қарастырылады.

#### Резюме

Статья о системе и технологии личностно-ориентированного обучения в общеобразовательных школах. Раскрываются принципы личностно-ориентированного обучения.

#### Summary

The article about the system and technology personality-based learning in secondary schools. It reveals the principles of learner-centered learning.

## **ЖЕТКІНШЕК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫ**

**С.С.Хасенов -**

*педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ*

Жеткіншек кезеңі жалпы процесс кезіндегі жеке тұлға болып дамуындағы маңызды фаза "Жеткіншек" сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді.

Жеткіншек үшін анықталған бір заттың түрлерін шешу, өзінің жеке адамдық сезімін қолдау үшін мәнді бола бастайды. Бұндай уақыт ішінде жеткіншектер тек қана бітім жағынан ғана есеймейді, сонымен қатар ақыл-ой, адамгершілік, әлеуметтік жағынан есейеді.

Жеткіншектердің даму үрдісінде көптеген шарттар болады, бір бағыт бойынша даму бағыттылығы тез жүрсе, ал басқада ол баяу жүреді. Сондықтан жеткіншектерде балалық шақпен есею кезеңі қатар жүреді, ал жеткіншектермен құрдастары бір-бірімен даму кезеңіндегі әр түрлілігімен ерекшеленеді.

Г.Г.Федорова осы кезеңге мінездеме бере келіп: "Тұлға бойынша дене бітімінің дамуы біркелкі емес, жыныстық жетілуі байсалды өзгерістерге

ұмтылыс жасау" деп атап көрсетті. Біз жауап іздегеніндей өтпелі кезеннің ішкі қиындығы психограматикалық үрдістердегі "Мен" концепциясының қайта құрылымымен байланысты, екіншіден жастарда шекаралық және анықталмаған әлеуметтік ахуалды түсіну, үшіншіден әлеуметтік бақылау механизмін қайта қайта құрудағы ескерту. Барлық осы бағытқа байланысты жаңа сапаның құрылуы барлық есею бойындағы жерде жүреді. Жеткіншектің ағзасы қайта құрылғанда өзіндік сана сезім, ересектерге және құрбы-құрдастарына қарым-қатынас өзгереді /1/.

Бұл кезеңдегі жеткіншектер өзінің жанұясына деген қатынасын жаңаша бағалай бастайды. Өзін жеке адам етіп көрсетуге ұмтылуынан аулақ жүруге деген қажеттілік туындайды. Жылдар бойы оған әсер етіп келсе солардың бәрінен бөлек кетсем деген ой туындайды. Олардың қатарында ең бірінші жанұядағы ата-анасы тұрады. "Жеке адамын" деген ұмтылысынан ата-ананың қамқорлықтарымен ақылдарына, пікірлерімен, көзқарастарына қарсы тұра бастайды.

Жеткіншектік кезеңдегі психикалық, ағартудың негізі бұл есеюді сезіну бұл өзін жаңа деңгейде бейнелеп көрсетеді.

А.Е.Личко бойынша жеткіншектердің маңызды мінез - құлықты бірнеше реакцияларға бөліп қарастырған эманципация реакциясы, топтық құрбы-құрдастар реакциясы, әуестік реакциясы, сексуалды әуестіктің қалыптасуын ескерту реакциясы.

Біз жеткіншектің "Мен" деген қасиетін түсіну үшін оның үлкендермен қарым - қатынастарына, әсіресе екі ортадағы кездесетін қайшылықтарына тоқталайық.

Жеткіншектердің ересектігінің дамуындағы жалпы бағыт әр түрлі және әрбір бағыттың көптеген варианттары болуы мүмкін.

Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық және әлеуметтік негіздері қолданады және олардың қалыптасуының жалпы бағыты белгіленеді.

Жеткіншектік кезең қиын әрі сыналатын кезең деп есептелінеді. Бұлай бағалау, біріншіден, осы уақытта болатын көптеген сапалық өзгерістерге байланысты, бұл өзгерістер кейде баланың бұрынғы ерекшеліктерін, мүдделері мен қарым-қатынастарын түбірінен өзгертетін сипатта болады, мұның өзі біршама қысқа мерзімде болуы мүмкін, көбінесе күтпеген жерден болады да, даму процесі секірмелі, қауырт сипат алады. Екіншіден, болып жатқан өзгерістер екінің бірінде, бір жағынан, жеткіншектің өзінде әр түрлі елеулі субъективтік қиыншылықтардың болуымен қабаттасады, ал екінші жағынан, оны тәрбиелеудегі қиыншылықтармен ұштасады, жеткіншек ересектердің ықпалына көне қоймайды, онда тіл алмаудың, қарсылық пен наразылықтың әр түрлі формалары шығады ( қиқарлық, дөрекілік, қарсылық, тентектік, бүкпелік, тұйықтық).

Жеткіншектік кезеңіндегі дамудың сыналуы көріністерінің пайда болуында биологиялық және әлеуметтік жайлардың ролі туралы теориялық талас жарты ғасырдан астам уақыттан бері болып келеді.



Жеткіншектің ағзасында болатын елеулі өзгерістер ұзақ уақыт бойы осы кезеңдегі жеткіншектер ерекшеліктері мен дамуының сыналу құбылыстарының биологиялық шарттастығы туралы әр түрлі теорияларға негіз болды. Мұндай ұғым біздің ғасырымыздың алғашқы ширегінде үстем болды. Биогенетикалық универсализмнің негізін салушылар С.Холл мен З.Фрейд болды. Олар жеткіншектің дағдарысы мен өзіне тән ерекшеліктері комплексің биологиялық шарттастығы себепті болмай қоймайтын әрі универсал құбылыс деп санады.

А.В.Мудрик бойынша, кіші жеткіншектердің қарым-қатынасының тағы бір ерекшелігі - практикалық іс-әрекет субъектісі ретіндегі жеткіншектің өзі. Егер кіші сынып жасындағы балалардың қарым-қатынасының негізгі пәні болып заттық-практикалық іс-әрекет болса, 7-8 сыныптан бастап - оқушы қарым-қатынас субъектісі ретінде, кіші жеткіншек үшін оқу мен қарым-қатынас оқушының жәке тұлғасы арқылы тығыз байланысты болады.

Сыныптағы қатарластарымен қарым-қатынас ерекшелігі жеткіншектердің өз бағаларына, оқуына қатынасын анықтайды. Л.И.Божович, Н.Г.Морозова, Л.С.Славина зерттеулері 7 сынып оқушылары үшін оқудағы бағаның негізгі құндылығы – баланың сыныпта жоғары стееатусты иемденуіне мүмкіндік беруінде екендігін көрсетті. Егер сыныптағы жоғары әлеуметтік статусты басқа қасиеттер көмегімен алу мүмкіндігі болса, бағаның құндылығы төмендейді. Сыныптағы қатарластарының пікірі негізінде жасөспірімдер ұстаздарын да қабылдайды. Сондықтан, өте жиі жеткіншектер мұғалімдермен қақтығыстарға барады, тәртіпті бұзады, қатарластарының үнсіз қолдауын сезіп, мұндай жағдайларда жағымсыз субъективті қалыптарды сезбейді. Егер мұндай қылық жиі қайталанса, жеке бастың психогенді жаңа құрылымдарының қалыптасуына әкеледі.

Кіші жеткіншектердің өзіндік бағасы тұрақсыз болады. Маңызды адамдармен қарым-қатынас әр-түрлі сезімдердің көзіне айналады. Біреулермен қарым-қатынаста туған негативті сезімдер, басқа адамдармен қарым-қатынас барысында қалыптасқан позитивті сезімдермен компенсацияланады. Сондықтан, қатарластарымен конфликтілер егер бала ата-анасымен және мұғалімдермен қарым-қатынасында әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыратын болса, мектепке психогенді бейімсіздіктің пайда болуына әкелмеуі де мүмкін. Деадаптацияның пайда болу мүмкіндігі егер балада компенсаторлы қарым-қатынас болмаса не асоциалды ортада қатынас жасаса өседі. Жанұядағы не мұғалімдерімен қарым-қатынасының бұзылуы жеткіншектің негативті қалпының, өзіндік баға деңгейінің төмендеуінің себебі болады. Алайда, бақылаулар көрсеткендей, егер баланың сыныптағы статусы жоғары болса, қатарластарымен қарым-қатынас эмоционалды қанағаттандыратын болса, мектепке психогенді бейімсіздік сирек орын алады. Қатарластарымен позитивті қарым-қатынас жеткіншектің жанұядағы және мұғалімдерімен конфликтілі қарым-қатынасының бұзылуын компенсациялайтын сенімді тәсіл болып табылады.

Сонымен, жеткіншектердің маңызды адамдармен қарым-қатынасының бұзылуы психогенді мектепке бейімсіздіктің себебі болып табылады. Егер, кіші сынып оқушылары үшін мұғалімдер мен ата-ана маңызды адам болса, ал қарым-қатынас пәні – практикалық іс-әрекет, оқу болса, жеткіншектердің дезадаптациясының пайда болуына әкелетін негізгі фактор – қатарластарымен қарым-қатынасының бұзылуы болып табылады. Мұндай қарым-қатынастың пәні – оқу іс-әрекеті процесіндегі жеткіншектердің өздері. Жеткіншек кезеңдегі оқу әрекеті танымдық емес, әлеуметтік болады. Оқу әрекетімен байланысты қиындықтар психогенді мектепке дезадаптацияның тұрақты синдромының қалыптасуына әкелуі үшін, оларды бала эмоцияларында сезінуі керек. Егер олар басқа қарым-қатынас сфераларында не іс-әрекетте баланың сәттілік сезімдерімен компенсацияланбайтын болса, жеткіншекті мазалайтын проблемалар шешімі жоқ ретінде қабылдана бастайды; нәтижесінде жеткіншектің өзіндік бағасы төмендеп, дезадаптивті қылық формалары бекітіледі.

Жеке адамның онтогенетикалық дамуындағы әр жас кезеңі өз ерекшеліктерімен және өту заңдылығымен байқалады, олардың нәтижесінде жеке адамның жаңа құрылымдары қалыптасады. Жеке адамның дамуын онтогенезде зерттеу белгілі бір жас кезеңінің басында оған тән бала мен орта арасындағы қатынас қалыптасатындығын көрсетті, ол жас кезеңінің әлеуметтік даму ситуациясы деп аталады (Л.С.Выготский). Дамудың әлеуметтік ситуациясы психикалық даму динамикасын, жаңа психикалық құрылымдардың қалыптасуын анықтайды /2/.

Жеткіншек кезеңде жақсы достарға қажеттілік өте өзекті болады. Кіші сынып кезеңінде қатарластар арасындағы қарым-қатынас маңызды айқын болмайды: балалар ойын барысында қызығушылықтары ортақ достарын табады. Олар өзара жарысады, бір-бірінің сеніміне ие болып немесе жоғалтуы мүмкін, әрі эмоционалды қатынастары елеусіз болады. Балалардың эмоционалды қажеттіліктерінің қанағаттануы қатарластарымен қарым-қатынасына тәуелсіз болады. Бала қанағаттануды ата-анасынан іздейді. Олардан сүйіспеншілік пен махаббатты, қолдауды күтеді. Егер осы жағдайлардағы мүмкіндігі шектеулі болса ғана бала эмоционалды қажеттіліктерін достарының немесе басқа ересектердің көмегімен қанағаттандырады. Жеткіншек кезеңдегі жағдай мүлдемге басқаша. Жыныстық жетілу жаңа сезімдерді тудырады, балада ата-анасынан эмоционалды тәуелсіздікті, еркіндікті алу тілегі туындайды. Жеткіншектер өз қатарластарына қарай талпынып, ертеде ата-анасынан алатындарын олардан табуға тырысады.

Жеткіншектің бірінші қажеттілігі – қызығушылықтары ортақ адаммен достық қатынас орнату. Ер жеткен сайын қиыншылықтарымен, ойларымен бөлісуге мүмкіндік беретін жақын достық қатынастарға қажеттілігі күшейеді. Жеткіншектерге оларды жақсы түсінетін, сүйеніш болатын достары өте қажет. Олар тек құпияларымен, не жоспарларымен ғана бөлісіп қоймайды, сонымен қатар, ішкі проблемаларын, басқалармен қатынасындағы

конфликтілерін шешуге бір-біріне көмектесе отырып, сезімдерімен де бөліседі.

Ерте жеткіншек кезеңде қыздар мен ұлдар өз сезімдерімен көбіне ата-аналарымен бөліседі. Барлығы жанұядағы қатынастардың жақындығына байланысты болады. Уақыт өткен сайын жеткіншектер құпияларымен достарымен бөліседі. Бұл тенденция ересек жеткіншектерде жақсы байқалады. Әйел адамдар ата-аналарына, қатарластарына жақын эмоционалды қатынасымен ерекшеленеді. Бұл қоғамдағы стереотиптерге де сәйкес келеді: ер адамдар өз сезімдерін ашық көрсетуіне болмайды.

Достық қатынастардың жеткіншектерге қажеттілігінің бір себебі – олар әлі де өздеріне сенімді емес, осы үшін көп қобалжиды және жеке тұлға ретінде қалыптаса қойған жоқ. Достары бір жағынан күш берсе, екіншіден, өзіндік Меннің шекарасын анықтауға көмектеседі. Достары көмегімен жеткіншектер жеке тұлғалық және әлеуметтік дағдыларды игереді, ересектер дүниесіне бейімделеді. Оларда мазасыздандарған сезімдерімен бөлісуге болатын қатарластарына эмоционалды қатынасы орнайды.

Жеткіншек жастағы тағы бір күрделі проблема – жалғыздық. Ата-аналарының қызметтен қолы босамай, аға-әпкелерінің жасы бойынша қызығушылықтары сәйкес келмеген кезде, жеткіншектер өз қалыптарын «изоляция, өзіне сенімсіздік, басқалардың зейінінің жетіспеуі, жалғыздық» деп суреттейді. Бұл ер балаларда айқын білінеді.

Жеткіншектер жалғыздықты көптеген себептерге байланысты сезінеді. Кей балалар қарым-қатынаста өздерін қалай ұстауды, қандай қылықтың орынды екендігін, әр түрлі ситуацияларда өзін қалай ұстауды білмейді. Басқалар болса өздерін өте төмен санап, айтылған сынға негативті реакциямен жауап береді. Сыннан қорыққан олар өздерін жағымсыз жағдайға әкелуі мүмкін еш әрекетке бармайды. Апатия мен мазасыздыққа бейім жеткіншектерге басқалармен қарым-қатынас орнату қиын болады. Үшіншілер ешкімге сенбейді, сондықтан ешқандай жақсылық күтпейді. Нәтижесінде бұл балалар ешкім өз қажетіне қолданып алмас үшін эмоционалды жақын қарым-қатынастан бас тартады. Әсіресе ата-анасының қолдауы болмаған жеткіншектерге достық қарым-қатынас орнату қиынға түседі.

Жеткіншек кезеңдегі тұлғалық жаңа құрылымдар - өзбеттілікке талпыну, ересек болу, ересектердің өміріне атсалысу қажеттіліктерімен анықталады. Ересектермен қарым-қатынасында қайшылықтар пайда болуы мүмкін. Осы қайшылықтардың шешілуі жеткіншектің кризистік кезеңнен өткендігін білдіреді. Т.В. Драгунова қайшылықтың үш вариантын қарастырады. Біріншісінде қайшылық тереңдеп, конфликт күрделене түседі. Бұл ересектердің жеткіншектің тәуелсіз болуға, сенім артып, сыйлауды талап ету талпыныстарына ретсіз деп қарауынан болады. Жеткіншек болса ересектің бұл қатынасына әр-түрлі формадағы қарсылықпен жауап береді. Жеткіншектің негативизмі күшейіп, тұлғасының қалыптасуына теріс әсер етеді: агрессивті тенденциялар, өтірік айту, жағымсу т.б. Екінші вариантта

ересектердің бірізді қатынасының бұзылуынан қайшылықтар эпизодты пайда болады. Ересек жеткіншекке алғашында рұхсат берген нәрселеріне тиым салуы мүмкін. Бұл жағдайда жеткіншектің ересектігінің дамуы оның қызығушылықтары мен тапыныстарының мазмұнына байланысты болады. Үшінші вариант қайшылықтар мен конфликтілердің бірте-бірте жойылуымен байланысты. Бұл жағдайда ересектер жеткіншектің ересек кезеңге өтуін толық түсініп, оған қатынасын өзгертеді, қалыптасқан өзара сенімді бұзбауға тырысады /2/.

Бұл кезеңде өзіндік сана-сезім жетіледі. Жеткіншек кезеңнің орта шенінде өзіндік баға тұрақты бола бастайды. Жеткіншектің қарым-қатынастағы қылықтары мен әрекеттері өзіндік бағасымен анықталады. Өзіндік баға деңгейі жоғары болса, басқалармен конфликтілер жиі болады. Өзіндік баға жеткіншектің басқалармен қарым-қатынасы барысында қалыптасады. Қарым-қатынаста бала өзін басқалармен салыстыру арқылы, өзін-өзі таниды. Адамдардың берген бағасы жеткіншектің өзіндік бағасын қалыптастырады. Егер ортаның берген бағасы жеткіншекті қолдамайтын болса, төмен не асыра жоғары бағалайтын болса, өзіндік баға деңгейі адекватты болмайды. Жеткіншек кезеңнің басында тұрақсыз болған өзіндік баға бірте-бірте тұрақталып, жеткіншек кездейсоқ жағдайлардың әсерінен тәуелсіз бола бастайды.

1. Шериязданова Х. *Әңгімелесудің сыр-сипаты // Бастауыш мектеп. – 1986. - № 12. – 8 б.*

2. *Общение и формирование личности школьника. Опыт экспериментального психологического исследования. -М.: МГУ, 1988. – 135б.*

#### Резюме

В статье проанализированы этнопсихологические и этнокультурные проблемы общения между взрослыми и детьми.

#### Summary

In the article ethnopsikhologicheskіe and etnokul'turnye problems is analysed intercourse between adults and children.

## ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

**С.М.Төрениязова –**

*п.ғ.к., Маңғыстау облыстық білім беру ұйымдары  
қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының  
директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары*

Қазіргі кезде жаңа типті оқытуды құрастыру мен модернизациялау өзекті мәселе болумен қатар, мұғалімдерді қайта дайындауда алғашқы мәнділігін сақтап қалады. Себебі өмір талаптарына сай, жаңаша көзқарастар мен жаңа серпін, әлемдік жаңаша оқыту тәжірибелері, сайып келгенде жеке басты жан-жақты дамытуға бағытталады. Олай болса, мұғалімнің жеке басынның шығармашылық ізденісі мен білімінің тереңдігі, педагогикалық-психологиялық жаңалықтарды орынды пайдалана білуімен тікелей байланысты болмақ.

Атақты ғалымдардың еңбектеріне талдау жасайтын болсақ В.П.Беспалько, И.П.Волков, Л.В.Занков, В.А.Онищук, М.И.Махмутов, В.М.Монахов, Н.Д.Хмель, И.А.Зимней, А.А.Кандыбович, Е.А.Климова, А.К.Маркова, Э.В.Маруга, Л.М.Митина, А.Б.Орлова, М.Ж.Жадрина, Т.С.Сабыров, Ж.А.Караев, Ж.У.Кобдикова т.б. мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру жүйесіне және олардың педагогтік еңбектеріне қойылатын талаптар мен жеке бастарының үлгілеріне баса назар аударады. Олардың ішінен жүзеге асыруға ең негізгілері деп, төменде көрсетілген бағыттарды белгілеуге болады:

- негізгі пәндік білімдерін жетілдіру;
- мұғалімдердің тілдік-коммуникативтік қабілетін дамыту;
- өз еңбегіндегі кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді бағалай білу қабілеттерін дамыту;
- мұғалімнің мамандығына байланысты терең педагогикалық, психологиялық дайындығы болуы.

Мұғалімдердің мамандық дайындықтарына байланысты, авторлар әртүрлі психологиялық тұжырымдар береді. Мысалы, Е.А.Климов «педагогикалық қабілеттіліктің» кешенді жүйесін бере отырып, мынандай ой-тұжырым жасайды:

- ойлау қабілеттері жоғары деңгейлі;
- ойлау идеясы мен моральдық тұлғасы жоғары;
- ұйымдастыру қабілеті жоғары;
- басқа адамның ішкі жандүниесі мен жағдайын тез және дұрыс түсіне білу қабілеті жоғары;
- өзін-өзі жеңе білу қабілеті жоғары;
- адамдарға әсер етуде сөзді дұрыс пайдалана білу қабілеті жоғары;
- бір уақытта бірнеше заттарға бірдей көңіл бөле білу қабілеті жоғары;
- оқушының келешектегі мінез жетістіктері мен дамуын көре білу

кабілеті жоғары; [1.,297]

И.А.Зимняя мұғалімнің бойындағы төмендегі игі қасиеттерді басшылыққа алуды ұсынады:

-адамның жеке қасиеттерін ескеру, яғни оның «жеке индивид» темперамент, тектік, т.б.;

-оның тұлғалық қасиеттері - әлеуметтік ортадағы адами қасиеттері;

-ортадағы тілдік-коммуникативтік қарым-қатынас (интерактивтік) қабілеті;

-ұжымдағы орны мен ролі және маңызды атқаратын қызметі, шені (статустық-позициясы);

-қызметтік (мамандық, пәндік, сабақ өту) қабілеті;

-сытқы-мінездік, әдептілік көрінісі [2.,480]

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген бағыттардағы нақты сұрақтар әлі күнге толық іске аспай отыр. Оның себебі, қазіргі таңда баланы мектепке жан-жақты дайындаудың орнына, мұғалімдерді жаңа технология мен жаңа оқыту әдістеріне дайындау, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, әлемдік оқыту жүйесіне дайындық жұмыстары жүргізілуде. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесі мұғалімдерден үлкен дайындықты қажет етеді. Бұрынғыдай сыныптағы барлық оқушыны теңестіру, оларға біріңғай талаптар қою, жеке қабілеттерінің дамуын сабақ үстінде шектеу т. б. жаңа типті оқыту жүйесімен үйлеспейді. Баланы шығармашылыққа, ой тұжырымды өздігінен жасауға, авторлық идеяға жетелеу, жаңашыл мұғалімнің міндеті болып қала береді.

Білім беру жүйесіне енгізіліп отырған өзгерістерге сай, оқу-тәрбие үрдісінде тәрбиені ұлттық психологияға бейімдеу, кәсіби бағдар беру, оқушының жеке қабілеттерін жан-жақты дамыту және талап-талғамын ескеру қарастырылған. Демек, оқушыға берілетін білім негіздері теориялық және практикалық жағынан тереңдетіліп берілуі тиіс. Олай болса, оқу-тәрбие жүйесіне тың әдіс- тәсілдер мен тиімді технологиялардың енуі бүгінгі күннің талабы. Бұл күнде еліміздің мектептерінде жаңа заманның білгір де білімді азаматтарын тәрбиелеуге мүмкіндіктер іздестірілуде. Осы аталған өзекті мәселелердің шешімін табу мұғалімдер қауымымен тікелей байланысты.

Мектеп оқушыларын жеке тұлғаға бағыттап оқыту жүйесі бастауыш мектептен басталатыны белгілі жағдай. Мұғалімдердің баланың бойындағы жеке қасиеттерді зерделеп көре білуі, олардың психологиялық-педагогикалық дайындықтарымен сол білімдер жүйесін дұрыс пайдалана алуларына байланысты. Олай болса, мұғалімдер біліктілігін арттыру институттарында ұйымдастырылатын курстар мазмұны да жаңа педагогикалық технологиялар мен жеке тұлғаға бағытталған оқыту механизмдері негізінде ұйымдастырылуы шарт. Осыған орай, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмыстары, ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтарымен қамтамасыз етіліп жүргізіледі.

Облыс мектептерінде институт директоры И.Т.Жұмағалиеваның жетекшілік етуімен «Нәтижеге бағытталған мектеп» атты ғылыми-

эксперимент жұмысы жүргізіледі. Бұл эксперимент И.С.Якиманскийдің «Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жағдайында оқушыларды дамыту» атты Халықаралық бағдарламасы және Қазақстандық ғалымдар Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикованың «Оқытуды технологиялау және орта мектеп оқушыларының даму мониторингі», Н.А.Оразахынованың «Тілдік материалдарды сатылай комплексті талдай оқыту» ғылыми жобалары негізінде сынақтан өткізілуде.

Институттағы «Оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасында пән мұғалімдері мен әдіскерлер ізденіс жұмыстарын, жеке тұлғаға бағытталған оқыту негізінде нәтижеге жетуге болатынын дәлелдеуге арнауда. Кафедрада құрылған шығармашылық топтың алдына қойған негізгі мақсаты ғалымдармен бірлесе отырып, мектептегі білім беру жүйесін жетілдіру, оқытушылар мен оқушылардың қазіргі заман талаптарына сай жан-жақты дұрыс дамуын қамтамасыз ету, ақпараттық цивилизация мен әлемдік мәдениет негізінде азаматтық қасиеттерін қалыптастыру.

Осы мәселені жүзеге асыру мақсатында Маңғыстау облыстық мұғалімдер біліктілігін жетілдіру институты жанында ұйымдастырылған курстарда С.М. Төрениязованың «Бастауыш сыныптарда жеке тұлғаға бағытталған оқыту негізінде рухани тәрбие беру» атты авторлық бағдарламасы ұсынылды. 2007 жылдан бері 150-ге тарта бастауыш сынып мұғалімдері осы бағдарламаға сай дайындықтан өтті. Осы бағдарлама аясында жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдермен қоса, жаңа ақпараттық жүйені пайдалану, интериативтік тақтада жұмыс жасау тәсілдерін, өздік жұмыс дәптерлерін пайдаланып жеке ой-қорытынды жасау сияқты тұға дамуына байланысты тапсырмалар орындалды. Курстық кері байланыс ретінде теориялық білім алған мұғалімдер, мектептерде осы проблемаға байланысты ашық сабақтар беріп, тақырыптық семинарлар өткізді. Бастауыш сынып оқушыларына, жеке жұмыс жасауға арналған «Өзіндік жұмыс» дәптерлері жасалып, байқаудан өткізілді. (Қазақ тілі-2-4 сыныптар, математика-1-4 сыныптарға арналған)

Оқу жоспарының бағдарламасына келесі тақырыптар ұсынылды.

№	Тақырыбы
1	Кіріспе. Қазіргі заман талаптарына сай білім беру парадигмасын ақпараттық жүйеге енгізу. Жаңаша білім берудің негізгі мақсаты – оқушының жеке басын жан-жақты дамыту және педагогтың шығармашылық қабілетін жетілдіру.
2	Бастауыш оқыту сатысы – білім берудің тірегі, іргетасы. Баланың жалпы қасиеттерінің дамуы және оқуға, қоғамға байланысты дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуы. (сауат ашу, тіл дамыту, математикалық білім негізі, көркемөнер, бейнелеу т.б.)
3	Оқытудың дәстүрлі бағдарламасына талдау жасау және түрлі әдіс-тәсілдерді салыстыру. Оқытудың типтеріне (П.Я. Гальперин, Дж. Брунер, т.б.) талдау. Оқытудың басқа да типтері және қабілеттілік мәселесі.

4	Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың бағдарламасының құрылысының принциптері және қазіргі психология. «Біздің әртүрлі және бірлікті әлем» жүйесі бойынша орыс тілінде жасалған бағдарламаның психологиялық принциптерін нақтылау.
5	Жаңа типті оқулықтардың жасалу (құрастырылу) принциптері. Оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) жасауда, оқытуды мұғалім мен оқушының бірлескен ынтымақтастық «моделі» ретінде беру.
6	Сабақ құрылымын құрғанда, қойылған мақсат және міндеттердің шешімін шығармашылық жолмен табуға жол ашу. Сабақ-ойын, сабақ-диалог, сабақ-диспут, сабақ-конференция, т. б. мұғалім шеберлігіне байланысты жеке тұлғаға бағытталған сабақтар түрі.
7	Оқыту мен дамытудың арақатынасы. Даму «зонасының» проблемалары. Оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тәсілдері және оны дамытуды қамтамасыз ету.
8	Оқушының даму және білімді қабылдау диагностикасы. Оқушының бағдарламалық материалды меңгеру сапасын бағалау тәсілдері және оны қайта түзету жолдары. (коррекциялық жұмыстар түрі)
9	Оқушының жеке басының, тілдік т. б. дамуын бағалау тәсілдерімен мұғалімді таныстыру, үйрету. Жеке тұлғаға бағытталған оқыту әдістеріне талдау.
10	Оқушыларды ұжымдық жағдайда жеке жұмыс жасатуға үйрету арқылы жеке басының өзіндік қасиеттерін дамыту мәселесі. Оқушының психологиялық портретін (кескінін) жасау. (бастауыш сынып оқушыларының жеке мәнділік қасиеттері негізінде)

Курстық жұмыстарды ұйымдастырғанда дәстүрлі дәрістік, практикалық, семинар сабақтар түрлерімен қоса «шебер-сынып», «мұғалім-шығармашылығы» т.б. алған теориялық білімдерін практикалық-шығармашылық жұмыстармен жалғастырылады. Курс тыңдаушылары жаңа педагогикалық технология, жаңа оқыту бағдарламалары, жаңа оқулықтармен жұмыс жасады. Сабақ барысында мұғалімдер өздеріне ғылыми-ізденіс жұмыстар жүргізу үшін тақырыптар таңдады. Тақырыпты ашу мақсатында ізденіс жұмыс мазмұны, жаңаша оқыту проблемасына байланысты жеке тұлғаға бағытталған пәндік оқыту жүйесі пайда болды. Оны сынақтан өткізу мектепте жалғасын табады.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту бағдарламасын таңдаған оқытушылар, «Біздің әртүрлі және біркелкі әлем» Халықаралық білім беру жүйесі бойынша практикалық жұмысты (апробацияны) түрлі оқу мекемелерінде жүргізді. Бұл ғылыми бағдарламаға п.ғ.к., доцент М.А.Кусаинова мен п.ғ.к. доцент С.М.Төрениязова жетекшілік етеді. Олар:

- жалпыбілім беретін орта мектеп оқушылары;
- балабақшалар;
- дарынды балалар сыныптары;
- коррекциялық топтар мен сыныптар;



- білім жетілдіру институт тыңдаушыларымен;
- мектеп оқушыларының ата-аналарымен.

Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесі «Шебер-сынып» жағдайында, тек таныстырып қана қоймайды, оның психологиялық негізі - мұғалімдерге шығармашылық жұмыс жасауға, жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндіктер берді. Мұндай жұмыстар мұғалімдерге жеке тұлғаға бағытталған оқытуға байланысты іс-тәжірибе жинақтауға және шығармашылық, ынтымақтастық жұмыстар ұйымдастыруға жол ашады. [3.,80]

Бастауыш сынып мұғалімдері және бастауыш сынып оқушыларына арналған «Біздің әртүрлі және бірлікті әлем» Халықаралық білім беру бағдарламасына мұғалімдерді дайындағанда, ата-аналар мен балалар арасындағы тығыз биологиялық байланысты ескеру, ынтымақтастық педогогикасы принциптерін басшылыққа алу және ұлтаралық қарым-қатынасты (толеранттық) дұрыс үйрету, қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге өзіндік көзқараста болу, дүниетанымы дұрыс даму т.б. жеке қасиеттері қарастырылды.

Оқушыларды осы бағдарлама төңірегінде әлемдік білім беру кеңістігіне шығарып, жалпыадамзаттық және әртүрлі ұлттық мәдени құндылықтар негізінде білім негіздерін беріп, жан-жақты дамытуға мүмкіндік болады. Онда, жеке тұлғаға бағытталған оқыту мен тәрбиелеу принциптері жүзеге асырылады. Әлемдік жаһандану жағдайында, білім беру жүйесіне де елеулі өзгерістер мен жаңалықтар енгізілуде. Оның негізгі бір айғағы 12-жылдық оқыту жүйесіне көшу болып отыр. Бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер жеке тұлғаны жан-жақты дамытатындай бағытта деуге болады.

1. *Климов Е.А. Основы психологии: Учебник для вузов. – М.: Культура и спорт, ЮНИТИ, 1997. – 295 с.*

2. *Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учеб. пособие. - Ростов н/Д: Изд-во «Феникс», 1997. - 480 с.*

3. *Кусаинова М.А. Личностно-ориентированное обучение: история, теория, технология. – М.: МГУ, 2004.*

#### Резюме

Статья освещает пути улучшения условий личностно-ориентированного обучения.

#### Summary

The article elucidates the ways of improving the student-centered teaching conditions.

## ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ПРОЦЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Ж.К.Аубакирова –**

*психология ғылымдарының кандидаты*

*С.Аманжолов атындағы ШҚМУ*

Өзін-өзі тану психологиясы қазіргі таңда білім саласындағы ғылыми жаңа бағыт болып табылады. Оның стратегиялық бағдары жастардың тұлға болып қалыптасуына, дүние жүзілік көзқарасын кеңейтуге, әлеуметтік – экономикалық тапсырмаларды, күнделікті өмірдегі көкейкесті мәселелерді тиімді шешуге және қарым-қатынас жасауға бағытталатыны анықталды.

Сонымен, өзін-өзі тану – бұл өз ерекшеліктеріңді тану процесі. Өз қасиеттерін, тұлғалық интеллектуалдылық ерекшеліктерін, мінез-құлық, басқалармен қарым-қатынас жасау, сыртқы ортаны тану, тағы басқа болып табылады.

Сондай-ақ, өзін-өзі тану – бұл тұлғаның бойындағы адами ерекшелікті табу, талдау, бағалау, осы қасиетті қабылдау, алдына қойған мақсат, мотивтердің, құралдар мен әдістердің және оның нәтижесінің болуы. Алайда, адам тұлға ретінде әрбір жас кезеңінде кәсіби шеберліктерін, біліктіліктерін арттырып, дағдыларын жетілдіру, өзін-өзі тану және өзгені тану аса маңызды.

Өзін-өзі тану мәселесі алғаш Ежелгі Шығыс концепцияларында пайда болды. Мұнда өзін-өзі тану мәнін ашу ғана емес, өзін-өзі танудың әдістерін, құралдарын қарастырмақ болды. Кейінгі жылдарда өзін-өзі тану мәселесі буддизмде қарастырылды. Өзін-өзі тану алдына қойған мақсатқа жетумен сипатталады. Адам өзін тани алмай, ешқандай жетістікке, алдына қойған мақсатына қол жеткізе алмайды. Өзін-өзі тану процесі – өзін тану мақсатына жету және әрекеттердің ауысуы.

Өзін-өзі тану сияқты күрделі психологиялық феноменнің мазмұнына қатысты әр-түрлі көзқарастар бар. Тұлғаның өзін-өзі тану теориясының негізін салушы К. Маслоудың анықтамасы бойынша, өзін-өзі танып білуі – адамның өзінің барлық тұлғалық мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін толық ашуға және дамытуға үздіксіз ұмтылысы [1, 45 б.].

Р.С. Немов өзін-өзі тануды психологиялық білім негізінде қарастыра, маңызды қайнар көздерін атап көрсетеді:

1. Қоршаған орта: ата-ана, туған-туыс, достар т.б баланың іс-әрекетіне қарап баға беріп, ал бала сол берген бағаны сенім ретінде қабылдап, қандай да бір өзіндік баға бала бойында қалыптасады.
2. Адам өз іс-әрекетін өзгелердің іс-әрекетімен салыстыра бағалауы.
3. Өзін-өзі тану мен өзгені тану көбінесе әртүрлі өмірлік жағдайлардан, әртүрлі тестер арқылы жүзеге асыруға болады.

Алайда, мектеп бітірген балалардың танымдық қасиеттері даму үстінде болады. Жасқа сәйкес индивидуалды ерекшелігі, жан-жақтылығы, дәлме-дәл

психологиялық білімі де өседі [2, 9-19 б.].

С.В. Кондратьева бойынша өзін-өзі тануды зерттеуде әртүрлі бағыттар, психологиялық механизмдер жайлы сұрақтар, басқа жеке адамды тануда өзара байланыс ерекшелігі және өзін-өзі тануы жеткілікті дәрежеде зерттелінбеген. Өзге адамды түсінуде және өзара байланыс механизмін, мазмұнын айқындауы, мінез-құлық рефлексивті қасиетін анықтауға жол ашады деп көрсетеді [3, 36 б.].

Л.Н. Десен тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзге адамдардың ол жайлы білуі, тануының арасындағы өзара байланысын зерттеуде, ең алдымен қоршаған адамдар ортасында қарым-қатынастың деңгейін анықтау. Зерттеу мазмұнында тұлғаның қарым-қатынасы өзінің құрбыларымен, қарама-қарсы жынысты адамдар арасындағы қарым-қатынасы әсер етеді [4, 101 б.].

В.Г. Маралов бойынша, «өзін-өзі тану» - бұл өзінің потенциалды және жеке бас қасиетін, интеллектуалды ерекшелігін, мінез-құлқын, өзінің қатынасын өзге адамдар арқылы өзін тану процесі.

Өзін-өзі танудың ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, психологияда кеңінен ашылып көрсетіледі:

- өзін-өзі тану – психологиялық кемелді және ішкі үйлесімділікті қабылдау құралы.

- өзін-өзі тану - тұлғаның психикалық және психологиялық денсаулықты қабылдау жағдайы.

- өзін-өзі тану - тұлғаның өзіндік дамуының бірден-бір жолы және оның жүзеге асырылуы. Бұл мәндер өзара тығыз байланыста болып келеді және олар бір-бірін толықтырып отырады [5, 9-10 б.].

Классикалық психоанализде өзін-өзі тану бейсанада ығыстыру ұғымымен сипатталынады. Австриялық психолог және психиатр З. Фрейд ығыстыруға агрессивті және сексуалды тенденцияны жатқызады. Психоаналитиктің мұндағы рөлі емделушіге (пациентке) арнайы психоанализ техникасын қолдана көмек беру.

З. Фрейд шәкірті австриялық психиатр А. Адлер өзін-өзі танудың мән-мағынасын адамның өзінің алдына қойған шынайы мақсатын танудан көреді.

Сонымен, В.Г. Маралов бойынша өзін-өзі тану – өзіндік тәжірибені меңгеру құралы: адам өзін-өзі тануда тұлғалық өсу қабілетін, өзін-өзі жетілдіру, өмір қуанышын сезіну, өмір мәнін түсіне алуы. Өзін-өзі танудың мәні позитивті және негативті болып екіге бөлінеді.

Позитивті мәні – кез келген жұмыс жағдайы, белгілі бір мақсатқа жету үшін, жұмыс сәтті болу үшін талаптың қойылуы, қарым-қатынасты нығайтуда, өз мүмкіншілігін арттыру және бұл қасиеттерді адам өз бойынан тануы.

Негативті мәні – өзі жайлы жақсы танып біле алмағандықтан, адам күшті және әлсіз жақтарын мұттәйім мақсатта қолдануы, өз амбициясын, өз талаптарын қанағаттандыру тағы басқа.

Сонымен, өзін-өзі тану пәнінің қорытындысы Арена терезесін жоғары деңгейге көтеру, кеңейту, ал соқыр дақ аймағын тарылту, жасырын аймағын

нақтылау, яғни нені өзге адамдардан жасыру, нені ашық көрсету мен мақсатқа жету үшін нені қолданған пайдалы және оны жетілдіру. Осындай модельді қолданса тұлға өзіндік бақылау жасай отыра, өзге адамдардың тұлға жайлы не ойлайтынын біле алады [5, 64-73 б.].

В.Г. Маралов бойынша өзін-өзі тану адамның өзіндік санасының құрылым компоненті ретінде қарастырады. Отандық философ және психолог А.Г. Спиркин бойынша сана – бұл адамға ғана тән жоғары қызмет, ми қабығымен тығыз байланыста. Жеке адам санасының мазмұнына қоғамдық сана ықпал жасап отырады. Идеалды мазмұны жағынан жеке адамның санасы қоғамдық санасының көрінісі болып табылады [5, 18 б.].

Өзіндік сана – «Мен» образын тану субъектісі ретінде «Мен» іс-әрекеті (Мен-концепциясы). «Мен» образы, «Мен» субъективті ретінде құрылымындағы реттеуші қызмет.

Эмоционалды құндылық қатынасы

1. Өзін-өзі тану
2. Өзін-өзі реттеу
3. Өзін-өзі бақылау
4. Өзін-өзі бағалау

«Мен» субъект ретінде әртүрлі белсенді іс-ірекеттердің әсерінен өзін-өзі тану қызметін атқарады, оның өзі эмоционалды құндылық қатынасымен тығыз бірге жүреді.

Өзін-өзі тану қорытындысында «Мен» образы түсіндіріледі және кейде жаңа «Мен» образы жинақталынады. Тұлғаның талпынысы «Мен» образы бірден пайда болмайды, ең алдымен тұлға қасиеттері, қылық, әрекет ерекшеліктері тағы сол сияқты өзі жайлы ойлар қалыптасады. Мұнда басты орынды өзгелермен салыстыруы, өзін-өзі бағалауымен ерекшелінеді. Егер «Мен» образы рационалды түсінікті қабылданған мезетте «Мен концепциясы» жоғары деңгейде болады, ол адам өміріне әсерін тигізіп, мақсатын, жоспарын анықтауға әсерін тигізеді [5, 19-20 б.].

В.Г. Маралов сипаттамасында өзін-өзі тану – бұл әрекеттің дәйектілігі мен жиынтығы. Алдымен қандайда бір тұлғалық қасиеті немесе іс-әрекет сипатын анықтап алу, бұл өте маңызды, онсыз өзін-өзі тану мәні жойылады. Оны санамауға бекітіп, талдау соңында адамның тұлғалық қасиеттер құрылымын, оның шекарасын қарастырып бағалауы да «Мен концепциясын» қабылдамайды. Өзін-өзі тану процесі – бұл өзінің бойынан қандайда бір қасиетті анықтау [5, 27 б.].

С.М. Жақыповтың айтуынша, өзіндік тану, өзіндік сана, рефлексия және әлеуметтік талаптарды еске алу арқылы өзін-өзі дамыту тұлғаның өзін-өзі танытуының алғышарттары болып табылады [6, 40 б.].

А.А. Бодалев белсенділік және оның құрамдас бөліктері тұлғаның өзіне-өзі сенімділік сияқты мінездемесімен тығыз байланысты деп көрсетеді. Сондықтан өзін-өзі танытатын тұлғаның маңызды қасиеті өзіне сенімділік проблемасы отандық психологтермен аз зерттелінген. Шетелдік психологтар тұлғаның бұл сипаттамасын теориялық және эксперименттік түрде зерттеуге

тырысты. Бірақ, алғашында ол психокоррекция мәселелерімен байланысты зерттелінді. Өзіне сенімділіктің аз немесе тіпті болмауы көп жағдайда пессимизм мен қысылуда көрініс табатын тұлғаның невротикалық симптоматикасына әкеледі. XX ғасырдың 40 жылдары АҚШ-тағы невроз клиникасының бас дәрігері Андре Сальтер өзіне сенімсіздікті коррекциялау, емдеу және әлсірету проблемасымен ең алғашқы болып айналысты [7, 55 б.].

С.М. Жақыпов жек мағыналық құрылымдарды емес, тұлғаның танымдық іс-әрекетінде көрінетін ішкі психикалық құрылымдардың тұтас жүйесін қарастырды. Ол мотивацияның іс-әрекетке байланыстығын, мағына және мақсаттың пайда болуымен түсіндірді. Адамдардың бірлесіп әрекет етуіндегі ортақ мотив түрін бөлді. Ортақ мотив – іс-әрекеттің ортақ объектісінен және іс-әрекетке қатысты тұлғалардың мағыналық жүйесінің өзара сәйкестілігінен байқалады, ол әрекет тиімділігіне едәір әсер етеді [6, 47 б.].

Ю.М. Орлов өзін-өзі танудың құралының бірнеше түрін көрсеткен, соның ішіндегі кең таралғаны - өзіне есеп беру, ауызша есеп беру, бұл апта және ай соңында жүреді. Тағы бір түрі – күнделік жүргізу.

Алайда, күнделік жүргізу көп уақытты және көп күшті қажет етеді. Біріншіден, қандай да бір оқиғаны жазуда интенсивті жұмыс жасалынады. Екіншіден, күнделік жүргізуде бірегейлік жазбаша түрде белгілеп отыруға болады. Үшіншіден, өткен шақты тіркеп, жеке адамның даму динамикасын байқауға болады. Төртіншіден, күнделік өзіндік мінездеме береді.

Өзін-өзі танудың келесі құралы кино, қойылымдарды, фильмдерді көріп тамашалау, көркем әдебиеттерді оқу жатады. Көркем әдебиеттерді оқи отыра, ондағы кейіпкерлерге сипаттама, мінездеме беріп, өзін кейіпкерлермен салыстырып, өзін оның орнына қою [8, 69 б.].

В.Г.Маралов бойынша өзін-өзі тану нәтижесінің негізі - өзі жайлы білімнен келіп туады. Бұл білімдер жақындық принципі бойынша топтастырылады. Сондықтан да өзін-өзі тану процесі аяқталмайды. «Мен» концепциясын жете білу көбінесе адамның өзіне байланысты, яғни, өзін-өзі қабілеттілігі, талпынысы және өзін-өзі тану жүйесімен айналысуы.

Өзін-өзі сыйлау қоршаған ортадағы адамның дәлме-дәлдігімен анықталады. Егер өзін-өзі сыйлауы төмен болса, адам өз-өзін алдауы, шындықтан қорқуы, көптеген психологиялық қорғаныс түрлерінің дамуы, сондай-ақ, өзін-өзі сыйлау өзге адамдармен өзара қатынас сипатын анықтайды. Өзін-өзі сыйлаудың дәлме-дәлдігі тәрбиеге байланысты [5, 285 б.]. Н.В. Крогус бойынша, өзін өзге адамдармен салыстырса, субъект өзін-өзі бағалау ретінде қабылдайды. Егер субъект өзіндік «мен»–ін қалыптастыра тұлға реттеу мүмкіндігін, өзін дамыу ретінде өзіне белсенді әрекет жасайды [9, 71 б.]. С.В. Кондратьева субъект өзге адамдармен қарым-қатынаста өзін-өзі тануымен бірге басқаның қасиетін танып, өз бойына игере алуы және осындай процестен кейін өзгені тануда өзіндік феномені пайда болады [10, 121 б.].

Қорыта айтқанда, өзін-өзі тану – бұл өзін тану мен тұлғалық, интеллектуалдылық ерекшеліктері және қасиеттері, басқа адамдармен қарым-қатынас, өз бойынан белгілі бір қасиеттерді қабылдау процесі.

Өзін-өзі тану өзіндік сана құрылым компоненті ретінде әрекет етеді. Өзін-өзі тану аймағына және саласына сана, бейсана, адамның сыртқы және ішкі дүниесіндегі әрекет, тұлғаның позитивті сәйкестілігінің қалыптасуы, оның өзін-өзі тануына қолайлы жағдайлар тудырып, өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді.

1. Зейгарник Б.В. *Теории личности в зарубежной психологии.* – М.: Изд-во Моск. Ун-та, 1982. - 179с
2. Немов. Р.С. *Практическая психология. Познания себя.* -М.,1999.- 378с.
3. Кондратьева.С.В. *Межличностное понимание и его роль в общении: Автореф. дис. ... д.психол.н.* -Л., 1979. - 36с.
4. Десен Л.Н. *Некоторые социально-психические особенности школьников юношеского возраста // Вопросы психологии.* - 1973. - №2.- 99-104с.
5. Маралов В.Г. *Основы самопознания и саморазвития.*- М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 256с.
6. Джакупов.С.М. *Экспериментальные исследования этнических предубеждений // Теоретические и прикладные проблемы социализации личности: Межвузовский сборник научных трудов. Часть III. / Под ред. С.М.Джакупова.* –Алматы, 2002, -162с.
7. Бодаев А.А. *О смысле жизни человека, его акме и взаимосвязи между ними // Мир психологии.* - 2001.- №2. -54-58с.
8. Орлов.Ю.М. *Самопознание и самовоспитание характера /* -М.: Просвещение, 1987.-101с.
9. Крогус Н.В. *Взаимообусловленность познания людьми друг друга и самопознания в конфликтной деятельности // Психология межличностного познания.* -М., 1981. -66-80с.
10. Кондратьева С.В, Галузо П.Р. *Влияние понимания своих учителей на характер общения подростков / Общение и развитие психики.* -М., 1988. - 116-123с

#### Резюме

В статье анализируется самопознание как теоретическая основа развития личности, его значимости. Рассматриваются мнения психологов и педагогов к пониманию самопознания.

#### Summary

In the article an analysis is given self-knowledge – theoretical bases, his meaningfulness, and also his influence on development of personality. Opinions of psychologists and teachers are examined of possibility in education of personality.

## С о д е р ж а н и е

<b>Намазбаева Ж.И.</b> Психологические проблемы личностно-профессионального развития в современном вузе.....	<b>3</b>
<b>Каракулова З.Ш.</b> Тренинги личностно - профессионального роста в современном вузе.....	<b>8</b>
<b>Аманова И.Қ.</b> Қазіргі жастардың тұлғалық-кәсіби қалыптасуы өзін-өзі таныту аумағы ретінде.....	<b>13</b>
<b>Сейдулаев К.Б.</b> Ценности в структуре личности.....	<b>21</b>
<b>Лавриненко Н.С.</b> Личностно-профессиональный отбор как новая возможность качественной подготовки будущих специалистов.....	<b>26</b>
<b>Агеев В.В.</b> Свободное общение как среда производства смыслов и значений.....	<b>31</b>
<b>Косшыгулова А.С.</b> Оқушылардың қызығушылығын арттыру бойынша психологтың атқаратын жұмыстары.....	<b>39</b>
<b>Ниетбаева Г.Б.</b> Қазіргі кезеңдегі студенттердің психикалық денсаулығының ерекшеліктері.....	<b>43</b>
<b>Кудушева Н.А.</b> Баланың мектеп өміріндегі әлеуметтік жаңа ортаға енуі және әлеумет қалайтын мінез –құлқы.....	<b>47</b>
<b>Нурашева А.А., Косшыгулова А.С.</b> Оқытудың ақпараттық коммуникациялық құралдары және оқушыларды жаңа технологияны қолдану арқылы оқыту.....	<b>51</b>
<b>Перленбетов М.Ә.</b> Ми жартышарларының биоэлектрлік әлеуеттерінің психикалық үдерістермен байланысы.....	<b>56</b>
<b>Агбаева У.Б.</b> Обучение будущих учителей сельских школ педагогическому мастерству.....	<b>68</b>
<b>Агбаева У.Б.</b> Подготовка студентов педвуза к воспитательной работе в сельских школах Казахстана.....	<b>71</b>
<b>Kusainowa M.A.</b> Personlich -orientierte ausbildung: humanistische traditionen in der bildung.....	<b>74</b>
<b>Хасенов С.С.</b> Жеткіншек кезеңдегі қарым-қатынастың педагогикалық-психологиялық ахуалы.....	<b>78</b>
<b>Төрениязова С.М.</b> Жеке тұлғаға бағытталған оқыту жағдайын жүзеге асыру жолдары.....	<b>84</b>
<b>Аубакирова Ж.К.</b> Өзін-өзі тану процесінің психологиялық-педагогикалық негіздері.....	<b>89</b>

**ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК**  
**«Психология» сериясы. Серия «Психология»**  
**№ 2 (23), 2010 г.**

*Печатается методом прямого репродуцирования*

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде  
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10103-Ж  
Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір. 2001 ж. бастап шығады

Басуға 16.07.2010 қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 7,3 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 232.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
өндірістік-жарнама бөлімінің баспаханасы



